Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, керсінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін.

Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады.

Білім беру үдерісіне енген тағы бір бағдарлама жанартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қадағаттандыратын бағдарлама. Жаңартылған білім беру бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады. Сабақтарда инновациялық технологияларды қолданудың негізгі ерекшеліктері:

- пән мазмұнын жобалаудың басты қағидаты, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша күрделендіру);
- таным заңдылығы мен пәндік амал-тәсілдердің неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдыларының деңгейлеріне негізделген .Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;
- білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнаралық байланыстарын барынша ескеруге мүмкіндік беруі;
- бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптардың» болуы;
- бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сай болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аудару;

Қазіргі білім беру жүйесінде заманауи технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім

студенттің өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Студенттің тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Еліміздің бұрынғы жүйеден нарықтық экономикалық жүйеге көшуі, қоғамдық құрылыстың күрт өзгеруі білім беруді уақыт талабына сай үйлесімді құрып, оның әлемдік дегейдегі мәнге сәйкестікте оқытудың екі бағдарға өріс алуы.

1. Дәстүрлі оқыту жүйесін модернизациялау;

2. Оқыту үрдісіне инновациялық оқытуды енгізу.

Бұл жүйені кеңінен талдасақ, дәстүрлі оқыту жүйесін модернизациялау студенттерге берілетін білім мен игеруге тиіс ұғым - түсінікті меңгеру, уақытқа үйлесімді жетілдіріп жаңа педагогикалық технологияға сәйкес дамыту. Инновациялық оқыту: студенттің мүмкіндігі мен шамасына қарай, шығармашылық тұрғыдан пайымдау жасауға үйрету [5].

Демек, студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту, заманауи технологияны тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – педагог кадрлардың басты міндетінің бірі болып отыр.

Білім берудің басты шарттарының бірі - студенттің өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуы және олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуі. Себебі - мүмкіндігінше педагогикалық технологияның түрлі тәсілдерін игеріп, студенттерді өз беттерімен ақпараттар іздеуге, қосымша материалдарды ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен анықтай алуға және заманауи технологияларды тез меңгеруге, олардың мүмкіндіктерімен таныстырамыз. Инновациялық білім мазмұнында барлық білім алушылар үшін тиімді оқыту үдерісін ұйымдастыру қажеттілігін ұмытпау керек. Күтілетін нәтижеге бағытталған жаңа білім беру жүйесі білім мазмұнын меңгеру үрдісінде студенттердің құзіреттіліктері мен өмірлік дағдыларының қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Инновациялық білім беру бұл - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Оқудан күтілетін нәтижелер:

- Мұғалім жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің

өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі түсінеді;

- Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;
- Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериялды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі.

Мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан. Жаңалық енгізу кез келген білім беру мекемесінің дамуы мен жоғары жетістікке жетуінің негізгі факторы болып табылады. Өйткені, бүгінгі таңда білім беру қызметін көрсетуде бәсеке күшейіп отыр, тұтынушылардың дайындық деңгейіне деген талаптары өсуде. Осындай кезеңде өз өмірін сақтап қалуы үшін ЖОО-ы үздіксіз өз қызметін жақсартуға және қайта құруға, оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруі тиіс.

Қазіргі педагог алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес жеке тұлғаның білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс. Заманауи білім беру - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз барлық іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, өзін таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде.

Қорытындылай келе, бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша біздің көкейге түйгеніміз: алдымызға мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында болашақ мамандардың жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің болашақ мамандары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы 10 қаңтар, 2018 ж.
2. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығымен бекітілген.
3. Жапбаров А. Оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері. Алматы, 2013.
4. Селевко Г.К. Современные технологии в образовании. – М., 2009.
5. Жаңа тұрпатты мұғалімнің кәсіби іскерлік сапалары. // Қазақстан мектебі журналы, № 9, 2016 ж.

ОҚУШЫЛАРҒА САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІ ТҰСТАРЫ ЖАҢА ТРЕНДТЕРІ



Асабаева А.К.

- Ақтөбе қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің биология пәнінің мұғалімі


Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері тақырыбындағы жолдауда 7-бөлімінде «Білім берудің жаңа сапасы бөлімінде барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет.

Қоғамды ақпараттандыруды дамытудың негізгі факторларының бірі - білімді ақпараттандыру. Олай болса, қоғамның әрбір мүшесі ақпаратты сауатты, мәдениетті және ақпараттық құзырлығы дамыған тұлға болуы қажет. Сол себепті қазіргі заманауи мектептерде оқу-тәрбие процестерін жаңашаландыру жұмысын ілгерілету барлық ұстаздар қауымының құзырында болып табылады.

Қазіргі кездегі заманауи мектептердегі және қосымша білім беру ұйымдарындағы, оқушылар сарайларының базасында компьютерлер, лабораториялық құрал-жабдықтар мен және 3D-принтерлер барлық қажетті инфрақұрылымдары бар балалар технопарктері мен робототехника және бизнес-инкубаторларының желісі бар ортада білім алушыларға STEM технологияларын білу мен істеу ғана емес, сонымен қатар зерттеу және ойлап шығару маңызды. Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) дерен бір сөзбен біріктіріп атауға болады.

Осындай бағытта қазіргі кезде биология сабақтары жаңашыл технологияның әдіс-тәсілдері негізінде жүргізіліп жатыр. Мәселен биология сабақтарындағы барлығында STEM технологияларын қолдануда, алдын-ала дайындалған лабораториялық құрал-жабдықтар негізінде оқушы мақсатқа жету үшін

Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек. Бұл – жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты» делінген болатын. Тек білім беріп қана қоймай, сондай-ақ алған білімін әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалануға икемделуі керек. Қайта құру кезеңіндегі өзгерістер, тәуелсіздік алынғаннан кейінгі өзгерістер мұғалім профессиограммасына да өзінің ықпалын тигізіп отырады. Қоғамның дамуымен бірге білім беруді ақпараттандыру мәселесінің өзектілігі артып отырғаны соңғы жылдары анықтай байқалды.



берілген материалдарды пайдалану керек. Мәселен, «Тағам құрамындағы органикалық заттарды анықтау» тақырыбындағы лабораториялық жұмыс бойынша олар бірнеше пәндерді ұштастыруға және есептеулерге жүгінеді.

Оқу процесіндегі лабораториялық-практикалық сабақтар негізінде оқушылардың ғылыми жобалар дайындау жұмыстарымен жалғасын таба алады. Соның бірі оқушылардың әртүрлі ғылыми конкурстарға қатысып өз білімдерін көрсете білуі мысал бола алады. Республикалық «Оқушылар арасындағы үздік инновациялық жоба» тақырыбындағы British Council Kazakhstan демешуілігімен ұйымдастырылған конкурстарда (Астана қаласы), «Spark құрылғысы арқылы фотосинтез процесін зерттеу» тақырыбында зерттелген жұмысын ұлттық инновациялық жобалар байқауында үздік деп танылды. Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму министрінің алғыс хаты мен сыйақыны жеңіп алды. Байқауда қазылық еткен әділ қазылардың бірі Назарбаев Университетіндегі түбегейлі жасушалар лабораториясының қызметкері Дамель Мектепбаева, республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім орталығының директоры - Шер Раиса Петровна, «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттігі» басқарма төрағасының орынбасары - Жұматай Сәлімов, British Council Kazakhstan Ғылым және Білім беру саласындағы жобалардың басшысы - Роуэн Кеннеди секілді өз салаларының майталмандарымен танысып және инновацияға деген қызығушылығының арта түскеніне оқушы үшін мәртебе болды.

Жоба жұмыстарын зерттеу барысында оқушының әртүрлі зерттеу орталықтарына барып жұмыстың қалай жүргізіліп жатқанына көзбен көріп, қолмен ұстап дегендей жоғары деңгейде қол жеткізіп, алынған зерттеу жұмыстарын ғылыми жұмыстар конкурстарында модельдей алады. Соның бірі жергілікті компаниялардың бірі Ақтөбе қаласында орналасқан «Айс» сүт өнімдерін өндіру компаниясы мен ауылшаруашылық тәжірибелік станцияларына жасаған саяхаттарды мысалға алуға болады. Онда жүріп жатқан процестерді оқушылар өздерінің зерттеу жұмыстарына пайдалана алады.

Жолдауда айтылғандай «Қазіргі денсаулық сақтау ісі қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен аурудың алдын алуға бағытталуға тиіс». Осы тұрғыда биология сабақтарында «Қоректену» тарауы бойынша жүргізілген «Тісті күту ережелері» тақырыбы бойынша оқушыларды тек қана оқу кабинетінде ғана емес мектептегі медициналық блокта ондағы стоматология


кабинетінде тіс дәрігерімен бірлесіп өткізілді. Сабақ барысында маманның кеңестерін тыңдау барысында құрал-жабдықтарды оқушылар өмірде қалай іске асырылатынына көз жеткізді. Осы жерде айта кететін жайт әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарай отырып олардың психологиялық портреттерін ескере отырып дифференциацияның қолданылғанына тоқталуға болады, жекелеген оқушылар оның ішінде кинестетиктер мен визуалдар және аудиал деңгейдегі оқушылар үшін өте ұтымды орта болды.

Жаратылыстану пәндері бойынша үштілділікті игеру жолында ғылыми жаңалықтар мен жобалау жұмыстарын жемісті жүргізу барысында көптілділік біздің қоғам үшін Елбасының «үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасынан бастау алғаны мәлім.

«2019 жылдан 10-11-сыныптардағы жаратылыстану ғылымының жекелеген пәндерін оқытуды ағылшын тіліне көшіру басталатын болады. Нәтижесінде, біздің барлық түлектеріміз елімізде және жаһандық әлемде өмір сүріп, жұмыс істеуі үшін қажетті деңгейде үш тілді меңгеретін болады. Сонда ғана нағыз азаматтық қоғам құрылады» [1]. Білім беру жүйесінің түпкілікті модернизациялану үрдісінде шетел тілдері де алдыңғы қатарлы рөл атқарады. Үштілді білім беруге ұмтылу Еуропалық кеңес елдер тенденцияларына толыққанды сәйкес келеді. Осы мақсатта мектептерде командалық оқыту әдісі «TEAM TEACHING» іске асырылуда. Бүгінгі таңда мектебімізде АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Кениядан келген жоғары біліктілігі бар, өз ісіне білікті, ұзақ жыл еңбек өтілі бар жас мамандар мен шетел пәнінің мұғалімдері қызмет атқарады. Командалық оқыту «Team teaching» – бұл екі мұғалімнің өзара қызметтестігі, олар ортақ мақсатқа жету үшін, яғни оқушылардың білімдерін жетілдіруге ұмтылады. Оқушылар үшін мұғалімдер білім беретін ортаны жасайды және өзінің білім беру тәжірибесін жетілдіріп отырады.

Мұғалімдер бірлесе отырып сабақты жоспарлайды және сабақты немесе сабақ серияларын өткізеді, оқу ресурстармен өзара бөлісіп, оқушылардың жетістіктерін бірлесе бағалайды, сонымен қатар, бағалаудың қорытындысын негізге ала отырып, білім беру әдістерін үнемі дамытып отырады жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер, ағылшын тілі, экономика, жаһандық перспективалар сияқты сабақтарды командалық оқыту арқылы халықаралық мұғалімдермен өзара тәжірибе алмасады.

Бүгінде ұстаз қасиетті міндетін атқара отырып, білім беруді одан әрі ізгілендіру, жеке тұлғаны қалыптастыруда



озық, жаңғыртылған әдістемелік жүйені меңгеру, әлемдік білім беру кеңістігіндегі ел дамуына оңтайлы ізгі қадамдарды игеру сияқты жаңа талаптарға сәйкес істерді жүзеге асыруға бет бұрды. Сапаға жетелейтін, оны қадағалайтын түрлі тетіктер жеткілікті. «Әлеуметтік - экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін оқу - тәрбие үрдісіне енгізе отырып, тарату қазіргі таңдағы білім беру саласындағы тырнақ алды маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстанның барлық білім беру мектептерінде НЗМ инновациялық білім беру тәжірибесінің тиімділігін ғылыми тәсілдер арқылы және оқытушы - әдіскерлердің ғылыми - әдістемелік ұстанымдарындағы ерекшеліктеріне тоқталып өтсек.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасының ерекшеліктері:

- Оқушыларға алған білімдерін оқудағы және өмірдегі мәселелерді шешуде пайдалануды үйретуге бағдарлау;
- Тілдерді деңгейлік үйретуді ұйымдастыру;
- Пәндерді кіріктіру;
- Жаңа пәндерді енгізу;
- Тереңдетіп және стандартты оқуға арналған пәндерді жоғары мектепте таңдау құқығы;
- Жоғары оқу орындарына түсуге мақсатты түрде дайындалу;
- Бағалаудың критерийлік жүйесі;
- Осы бағдарлама негізінде оқушылардың дағдыларын дамыту;
- Сын тұрғысынан ойлау;
- Білімдерді шығармашылықпен пайдалана білу;
- Зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру;

АКТ дағдылары:

- Топта және жеке жұмыс істей білу;
- Коммуникациялық дағдылар тілдік дағдыларды қосқанда міндеттер мен мәселелерді шеше білу;
- Кіріктірілген білім беру ісін ұйымдастыру ерекшеліктері;
- Үш тілді білім беру ортасы;
- Тәрбие мен оқытуды кіріктіру;
- Заманауи педагогикалық әдістер мен тәсілдер қолдана білу;

Үш тілде білім берудің тиімділігі Халықаралық зерттеулер үш тілде жүргізілетін оқу бағдарламалары бойынша білім алатын оқушылар жұмысқа ұқыпты, мотивациялары жоғары, бірнеше тіл білудің артықшылықтарын түсінеді. Зияткерлік мектептерде **үш тілде оқытудың әдіс тәсілдері:**

- Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі;
- Командалық оқыту;

- Тілдік ортаға ену;

Командалық оқыту әдістемесінің үштілдік білім беру саясатына әсері

Реформаны жүзеге асыру әрбір ұстаздың басты міндеті. Сондай міндеттердің бірі ретінде командалық оқыту әдістемесі негізінде кіріктірілген білім беру бағдарламасының үштілдік саясатының мақсатын жүзеге асыру болатын. НЗМ мектептерінде жасалынып, іске асып жатқан игі істерімізді оқырман және ұстаздар қауымымен ортаға салып, бөліскіміз келеді. Мұндай игілікті істер ел болашағын қолына алатын болашақ жастарымыздың жан - жақты өсіп - өркендеуіне ықпал етері сөзсіз. Біздің алдымызда Назарбаев Зияткерлік мектептері үшін нақты, айқын қойылған стратегиямызда мақсат пен міндет көрсетілген, оны орындау үшін ат салысу әр қайсысымыздың міндетіміз.

CLIL әдістері

- CLIL әдісінің негізгі мақсаты-оқытушының сөйлеуін азайтып, оқушылардың бір-бірімен сөйлесу дағдысын қалыптастыру. Пәнге байланысты студенттерге жаңа ұғымдар мен идеяларды ағылшын тілінде таныстыру;
- Студенттердің пән мен тілді қатар «CLIL әдісі: арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесінде пән мен тілді кіріктіре оқыту. CLIL әдісінің бірнеше стратегиялары бар: «Natural disasters», «Sorting», «Mindmap», «Mingle» сынды әртүрлі әдістер кеңінен қолданылуда. Биология сабақтарында «Gadget cards» әдісі яғни оқушылар арасындағы топтық жұмыстың бірі болып табылады. Бұл әдістің ерекшелігі топ басшысы сурет атауларын ағылшынша оқиды, ал басқа топ мүшелері оны суреттер арасынан табу қажет болады. Бұл жерде баланың есте сақтау қабілеті мен ойының ұшқырлығы сынға түседі.

«Mingle» әдісіне тоқталсақ, әртүрлі сипаттамаларға «ия» немесе «жоқ» жауап беру арқылы қол жеткізуге болады. Мысалы «Прокариоттық жасуша құрылысы» тақырыбы бойынша сипаттамалардың бар немесе жоқ екендігін анықтау арқылы қолдануға болады. «Sorting» әдісі арқылы мәселен тақырып бойынша терминдер мен оған қажетті сипаттамаларды қағаз қималар арқылы сәйкестендіру тәрізді белсенді оқыту формалары бар.

Қорытындылай келе бүгінгі таңда үш тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оны жүзеге асыру – ұстаздардың міндеті. Сондықтан да заманауи ұстаздарға тоқтаусыз ізденіс қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қантар. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyyn-kazakhstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar
2. Айтбаева А.Б. «Білім берудегі жаңа технологиялар» / оқу құралы.
3. «Білім технологиялары» журналы. - 2009 ж. №5, 19-24 бб.
4. Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. «Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері» / Алматы. - 2008ж.
5. Иманбаева А. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі. - №2, 2000 ж.
6. Гуманитарлық пәндерді кіріктіріп оқыту. «CLIL» - Үштілділік оқыту бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді әдісі».

ОСОБЕННОСТИ ПОДГОТОВКИ ОТЕЧЕСТВЕННЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

ЖОО-ДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

57



Мергенбай Л.Х.

– математика магистрі,
Алматы экономика
және статистика
академиясының аға
оқытушысы

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет».

Н.Ә. Назарбаев

жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде.

Сондықтан, жемісті еңбегімізбен шығармашылық ізденісіміз арқылы ғана реалды жаңару жолына шыға аламыз. Қазіргі кездегі білім берудің мақсаты – жеке бастың өзіне және қоғамға қажетті бейімділігін, әлеуметтік бағалы белсенділігін дамыту сонымен бірге өз бетімен білім өздігінен қалыптасуын және ақпараттық мәдениетті қалыптастыруды қамтамасыз ету.

Ақпараттық мәдениетті дамыту қазіргі педагогтың ақпараттық құзырлығына қойылатын талаптарына сәйкес анықталады:

- Қазіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттық кеңістік туралы біртұтас түсінікті қалыптастыру (бүкіл әлемдік ақпараттық ресурстарға бағдарлау, ақпараттарды іздеу алгоритмі мен ақпараттарды талдау синтетикалық тұрғыдан өңдеу әдістерін меңгерту).
- Ақпараттық (дербес жағдайда, компьютерлік) сауаттылық; оқу-әдістемелік, озық тәжірибелерді зерттеу, ғылыми-зерттеу нәтижелерін түрлендіру мен технологияларды қолдану әдістерін меңгерту; қолданбалы бағдарламалық құралдарды меңгерту; жаңа бағдарламалық құралдарды меңгерту.

Өз қызметтерінде жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану: жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктері туралы білім; коммуникациялық қызметтерді пайдалану дағдысы; білім беру үдерісінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық бағдарламалық құралдарды қолдану және оларды өз қызметтерімізге сәйкес бейімдеп пайдалану [2].

Оқу үрдісінде өздігінен танып - білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жағдай жасаймыз. Ол үшін оқытудың интерактивті әдістерді кеңінен қолданамын.

- Жеке шығармашылық тапсырмалар, жобалар.
- Блок-схема, графиктер, диаграмма, карта т.б.
- Трек-схема, көрнекіліктер және анықтама құралдары.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Соңғы жылдарда білім беру жүйесіне енген «құзырлық» немесе «құзіреттілік» ұғымы жеке қасиеттері мен білім, білік, дағды, іс тәжірибесі, түсінігінің бірлігін сипаттайды.

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру жағдайында студенттің жеке тұлғалығын қарастырып, ақпараттық қоғамда

ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бүгін мен Қазақстанды Үшінші жаңғырту жөнінде міндет қойып отырмын. Елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру қажет [1].

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу - тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми - техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамда туындап жатқан әлеуметтік – экономикалық өзгерістерге сәйкес білім беру мақсаты мен мазмұны, міндеттері әлемдік деңгейге сәйкес келетін біліммен қаруланған студенттерді дайындауды қажет етеді. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады.

Заманауи ақпараттық қоғамның қалыптасуы мен дамуына жаһандық телефония, интернет желісіне қол жеткізудің спутниктік жүйелері, тікелей сандық теле және радиохабар тарату, шұғыл корпоративтік және кең жолақты байланыс, навигация жәрдемдесіп отырғаны жасырын емес. Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан

өмір сүруіне, сонымен қатар, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табуына қажет жаңа ақпараттық технологияларды таңдап алу және оларды қолдану қабілеттілігін қалыптастыруда математика пәнінің маңызы зор.

Білім беру жүйесін ақпаратандыру үрдісін дамыту үшін мынадай тенденцияларды атап көрсетуге болады.

1. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқала қалыптасқан оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формалары мен әдістерін, тәсілдерін жетілдіру.

Оқу тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формаларын мен әдістерін, сондай ақ, білім беру мазмұнын таңдау стратегиясы мен әдіснамалық жетілдіру, студенттердің интеллектуалдық әлеуетін дамытуға әсер етеді.

2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар базасы негізінде қызмет атқаратын оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіру.

3. Пәндік ортада өзара ақпараттық іс-әрекетті жетілдіру. Ақпараттық технологиялар тарапынан ұсынылатын негізгі ақпараттық іс-әрекеттер мыналар: нысан немесе құбылыстар мен үрдістердің заңдылығы жөніндегі мәліметті виртуалды түрде ұсыну, ақпаратты іздеу, жинақтау, өңдеу, көбейту, сақтау секілді іс-әрекеттерді автоматтандыру, оқу экспериментінің нәтижелерін өңдеу барысын автоматтандыру.

Оқытудың бірнеше моделін атап көрсетуге болады:

1) пассивті – студент оқытудың «объектісі» ролін атқарады (тыңдау және көру);

2) активті /белсенді/ студент оқытудың «субъектісі» болып шығады (өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс, лабораториялық-практикалық жұмыс);

3) интерактивті – inter (өзара), act (әрекеттесу). Оқыту процесі барлық оқушылардың тұрақты белсенді өзара қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Студент пен оқытушы оқытудың тең құқылы субъектісі болып табылады. Оқу үрдісіндегі интерактивтік оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру болып табылады [3].

Білім беру жүйесі өз технологияларын түбегейлі өзгертіп, жеке тұлғаның бойындағы табиғи қабілеттерінің қайнар көзін ашу арқылы оны тұлғалық деңгейде дамытуды мақсат етіп қойып отыр. Ғылым мен өндірістің дамуына информатиканың қажеттілігі, білім мен біліктілікті қолдану аясының кеңеюі еліміздегі әрбір студенттің информатикалық білімінің толық болуының мәнін және маңызын күшейте түсті. Бұл еліміздің әрбір азаматына орта білім алуға міндет арта отырып, мұғалім қауымынан ертеңгі күні мемлекет сенім арта алатындай студенттердің информатикалық дайындығының сапасын көтеруді және білімнің қандай да бір деңгейіне кепілдік беруін қамтамасыз етуді талап етеді. Пәндерді оқытуда ғылыми жетілдірілген әдіс- амалдарды, ақпараттық құралдарды еркін меңгерумен қатар мұғалімдердің кәсіби шеберлігін көтеру. Заманауи жаңа технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – білім алу процесінде көмектесу. Оқытудағы негізгі талап- студенттерге есептер шығара білу жолдары мен тәсілдерін үйрету.

Қазіргі заман- жаратылыстану ғылымының өте жан-жақты тараған кезеңі. Қазіргі ақпараттық технологияның озық жетістіктерін математика сабағында қолдану арқылы танымдылық іс-әрекеттерін ұйымдастыра отырып студенттердің шығармашылығын дамытуға

болады. Жеке тұлға – бұл адамның психикалық, рухани мәні, әр түрлі жинақталған қасиеттер жүйесіне тән. Жеке тұлғаның шығармашылық жұмыстарында осы жүйемен жоспарланған тиімді. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында туылғаннан пайда болады. Білім беру үрдісінде проблеманы өзі шешуге талпыныс жасау арқылы өз қызығушылығын қанағаттандыруға, өз идеясын жүзеге асыруға әрекет етеді. Жаңа заманға бейімделген, интеллектуалды, рухани бағытта өзін-өзі жетілдіре алатын тұлғаны оқытып тәрбиелеуде, жеке пәндерді меңгеруде М.Жанпейісованың «Интерактивті модульдік оқыту» технологиясының маңызы зор. Заманауи ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл пән мұғаліміне оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, студенттердің компьютерлік сауаттылығын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы.

Студенттердің өздігінен жұмыс істеуінің оның ақыл-ойының қалыптасуына үлкен мәні бар. Модульдік оқытудың тиімді жақтарының бірі оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауына көп көңіл бөлінеді. Ұжымдық және топтық жұмыс формаларында тапсырмаларды тұтас сыныпқа бірдей күрделі деңгейде беруге болады. Мұғалім сабақта әр балаға психологиялық қолдау көрсетіп, психологиялық жайлы орта туғызу үшін жаңа мынандай қағидаларды есте сақтау керек:

- студентке әрдайым сенім арту керек;
- оқытудың мақсаттары мен міндеттерін белгілеп, нақтылауға көмектесу;
- пәнге деген қызығушылығына мән беру;
- өзінің топтың көңіл- күйін сезіну және қабылдау қабілеттерін дамыту;
- топ мүшелерінің өзара қарым-қатынастарының белсенділіктерін арттыру.

Өз тәжірибем бойынша шағын топтармен жұмыс жүргізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оларды адамгершілікке тәрбиелейді.

Практикалық сабақтарды жүргізу барысында пән мұғалімдері төмендегілерді білуі қажет:

- әр түрлі объектілерді кескіндеуді, оны салып тұрғызуды дисплей бетінде іске асыру және олардың динамикалық елестетілуін;
- есептеу процесін, ақпаратты іздеу жұмыстарын, сонымен қатар мәліметтерді жинау, өңдеу жұмыстарын автоматтандыру және көрсетілген объектілер, құбылыстар, процестер туралы мәлімет жинау.

Білім беру сапасын арттырудың негізгі бағыттарының бірі – оқыту үрдісін жан-жақты және жүйелі түде компьютерлендіру. Оқыту үрдісін компьютерлендірудің, соның ішінде, математиканы компьютер көмегімен оқытудың нәтижелігін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу аса маңызды орын алады. «Информатика пәнін оқыту» әдістемесінің бүгінгі күнгі өзекті мәселелері мынаны қамтиды:

- Оқыту мақсатын нақтылау;
- Компьютерлік технология негізінде оқытуды ұтымды ұйымдастыру;
- Студенттердің ақпараттық іскерлігін дамыту.

Қазіргі уақытта елімізде тек экономикалық және саяси процесте ғана емес, білім жүйесінде де ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастағаны баршамызға аян. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторларының негізгі қозғау

күші- адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асуы тиіс. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасауымыз қажет. Өз сабағымызда компьютерлерді пайдалана аланудың мынандай міндеттерін бөліп көрсетуге болады:

- Оқыту үрдісінде кері байланысты қамтамасыз ету;
- Даралап оқыту үрдісін жүзеге асыру;
- Компьютердің графикалық мүмкіндіктерін пайдаланып, жаңа сабақты түрлендірудің көрнекілігін арттыру;
- Қажетті ақпараттарды іздеуге байланысты тапсырмалар;
- Математикалық модельдермен сипатталатын әдістер мен құбылыстарды модельдеу; Мысалыға PAINT графикалық редакторын пайдаланып геометриялық фигураларды салуды, бұрыштарды, түзеу, кескіндерді салуға компьютердің құралдарын және тақырыптарды интерактивті тақтада өтсе, өте тиімді әрі уақыт ұтымды болар еді. Компьютер арқылы оқыту үрдісін ұйымдастырудың үш принципі бар. Олар;

1. Студенттердің танымдық белсенділігін басқару;
2. Оқытушы мен студенттердің өзара әрекеті мен ынтымақтастығын студенттердің өздері басқарады;
3. Оқу әрекетін «оқытушы- компьютер-студент» жүйесі түрінде басқару.

Қазіргі таңда да еліміздің білім беру жүйесіндегі жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейкесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім [4].

Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік — жалпы білім беру мақсатындағы басты басымдықтардың бірі. Өмірдің өңі өзгеріп, ақпараттық іс-әрекеттің рөлі артады, соның ішінде адам ақпаратты өз бетімен белсенді түрде өңдеп, технологиялық құралдардың көмегімен күтпеген жағдайлардан оңтайлы шешім табуға тырысады.

Жаңа ақпараттық технология құралдарын математика пәні сабақтарында пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді. Мұндай мүмкіндіктерді қазіргі кездегі бар және жаңадан қалыптасып келе жатқан электрондық

оқыту құралдары бере алады. Әр сабақта интернет, электронды почта, электронды оқулық, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана білуі тиіс. Кез – келген пәндік әдістеме оқушыларға сол пәнді тереңдетіп игеруге, алған білімді практика жүзінде қолдануы мен проблемалық жағдайлардан шыға алуымен айқындалады. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуі. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды [5].

Ақпараттық технологиялардың оқу үрдісінде қолданылуы оқытушылардың да студенттердің де мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ендеше ақпараттық технологияларды үйлесімді пайдалану қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналып отырғаны бәрімізге белгілі. Ақпараттық технологияның міндеті- студенттердің білімге қызығушылығын ояту, ізденушілікке баулу, оқушылардың үлкен ізденіспен жұмыс істеуіне жағдай туғызатын құралдардың бірі-электрондық оқулықтар. Оларды пайдалану арқылы:

- Сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі;
- Студенттердің технологияны жан- жақты игеруі;
- Студенттердің пәнге деген қызығушылығы;
- Білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы.

Қазіргі заманғы ақпараттық- телекоммуникациялық технологияларды және басқа да ғылыми технологияларды дамытуға, оларды ғылыми-техникалық қызметке және өндіріс процесіне ендіру жалғастырылуда. Жоғары технологиялық өндірісті дамытуға ықпал ету, технология трансферттерін ұйымдастыру мақсатында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырушылық жұмыстарды жүргізу мен ұйымдастыруды үлестіру жүзеге асырылуда. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – студенттерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Демек, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйретумен қатар бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына енетін болашақ мамандар даярлау біздің міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. Ғалымжанова М. Ақпараттық технологияларды сабақта қолдану // Информатика негіздері. №3, 2014 ж.
3. Болашақ мамандарды даярлау. Ұлт тағылымы. №4, 2010 ж.
4. Бронштейн И.Н. Справочник по математике. М: «Наука», 2009 ж.
5. Садыбекова Ж. Оқу-тәрбие үрдісінде ақпаратты-коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі. «Информатика негіздері», 2008. – № 4.

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ



Махашова П.М.

– «Психология және акмеология» кафедрасының аға оқытушысы, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті



Әбдеш Н.

– Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, 4 курс студенті

Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, өзін таныта алатын болашақ мамандардың кәсіби білімін қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде. Қазіргі жаңашыл мұғалім педагогикалық, ғылыми өзгерістерді жылдам қабылдағыш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген болса, онда білім жүйесінде қандай өзгеріс болмасын, талап ететін білім мазмұнын студенттерге тиімді жолмен меңгерте алатын шебер ұстаз бола алады.

Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдаулары өзінің жылдан жылға жүйелі жалғасын табуымен және еліміздің даму тарихындағы белесті кезеңдерді қорытындылап, жаңа даму бағдарын айқындаумен ерекшеленеді [1]. Болашақ педагогтің кәсіби-білімін қалыптастырудың педагогикалық шартының бірі - оқу үдерісін оқытудың белсенді әдістері мен технологиялары негізінде ұйымдастыру.

Студенттерін кәсіби білімін қалыптастырудың басты шарты - танып білуге, құштарлығын арттыратын тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалануға, педагогикалық-психологиялық мәселелерді, фактілерді таңдауға, ізденуге, дәлелдеуге үйрету. А.К.Маркова бойынша, біріншіден, педагогикалық еңбек субъекті, мұғалімнің өзін, көрнекі елестетуге мүмкінді береді.

Сондықтан, кәсіптік парызылықты меңгерген педагог қана студенттердің психикалық күйлерін жете түсініп, жәрдемкөрсете алады. Осыған байланысты зерттеушілер тарапынан үлкен мән беріледі, оның көрінісінен мұғалімнің жалпы мәдениеті мен іс-әрекетінен жоғары кәсіпқойлығы байқалады. Мұғалімдердің өз білімдерін жүйелі көтеріп отырулары – олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ететін негізгі фактор. Еліміздің білім беру саясатындағы көкейтесті мәселелердің бірі де осы мұғалімдердің біліктіліктерін жүйелі арттыру болып

табылады. Креативтілік жеке тұлғаның бағыттылығынан (танымдық мотивацияның басым болуы, танымдық қызығушылық, танып-білуге ұмтылу, білімқұмарлық және т.б.); қабілеттерінен (стрейотиптерді жеңе білу, проблеманы сезіну, ой жүйріктігі мен алғырлығы және т.б.); мінез-құлқынан (бірегейлік, бастамшылдық, шыдамдылық, зеректік және т.б.) танылатын, оның интегралды сапасы ретінде қарастырылады. Оның мұғалімнің кәсіби біліктілігін қалыптастыруда алатын орны ерекше. «Кәсіби біліктілік» деп қандайда бір еңбектің түріне дайындалудың, дайындық дәрежесінің деңгейін айтады. Кез-келген қызметкер біліктілігін ұдайы жетілдіріп отыруы қажет.

Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру екі бағытта жүргізілуі тиіс:

1. Мұғалімнің кәсіптік жұмысының мәнін үйлесімді өзгерту, яғни басты қызметтік нұсқауды орындау емес, күтетін нәтижеге жету үшін оқу үрдісін шығармашылықпен үйлестіру.

2. Білім беру барысында мұғалімнің зерттеушілік бағыттағы қызметін күшейтуге байланысты мұғалімнен кәсіптілікті кеңейтуді талап ету.

Кәсібилікті арттырудың негізгі аспектілерінің ішінен мыналарды бөліп алуға болады.

1. Қызметтік (Мақсаты, міндеті, жұмыс мазмұны, формасы, әдістер және нәтижесі).

2. Мазмұндық (Әдістемелік, ғылыми-теориялық білімді практикада қолдана білуге жағдай туғызу).

3. Басқарушылық (Талдау, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, танып-білу).

Осы 3 аспект бойынша біліктілігін жетілдірген маман өз қызметіне талап деңгейінде қарайтыны белгілі.

Болашақ мамандардың кәсіби білімін қалыптастыруда шығармашылықты дамыту басты орын алады. Мұғалімге қойылатын талап - жауапкершілік, жүктелген үлкен міндет, абыройлы істің сан қырлылығы одан жан - жақты терең біліктілікті, аса педагогикалық шеберлікті, өте нәзік психологиялық қабілеттілікті талап етеді. Бұдан нені байқауға болады? Мұғалімнен жан - жақты терең білім-біліктілікті, сегіз қырлы, бір сырлылықты талап етіп тұрған жоқ па? Мұғалімнің бір ғана сыры - оның мамандығы. Бұл дүниеде теңдесі жоқ мамандық тек мұғалімге ғана лайық.



Мен 2003 жылы «Оқу және жазу арқылы Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы бойынша USAID және Нью-Йорктегі Ашық Қоғам Институтының қолдауымен Демократиялық Білім Беру Орталығы ұйымдастырылған семинарлар жиынтығына қатысып, қатысушы куәлігін алдым. Содан бері білім беру саласын демократиялық көз қарастар тұрғысында қайта зерттеу, жаңа басқару технологиясымен ұштастыру мәселелері толғандырды. Әрбір сабақтарымда осы технологияның негізгі элементтерін кеңінен қолданамын. Нәтижесінде тек өзімнің ғана емес, студенттердің де еңбегі Халықаралық, Республикалық Ғылыми – практикалық конференцияда талданып, еңбегіміз жинаққа енді. Білім беру теориясында ізгілік пен демократиялық, құндылықтарды зерделей отырып, белсенділігімнің артқанын байқадым.

Сондықтан ұстаз адам – кәсіби мамандығына құштар, оны жан –тәнімен сүйетін, барлық өмірін соған арнауы тиіс.

Олай болса, мұғалім еңбегінің сан қырлылығы осыдан өрбиді. Мұғалім адамның өз пәнін терең меңгеруі оның ең алғашқы қыры, кәсіби шеберлігін үздіксіз ұштай, шыңдай түсуі екінші қыры болмақ.

Үшінші қыры - мұғалімнің тілді меңгеруі - тіл шеберлігі. Сөзді жетесіне жеткізе сөйлей білудің өзі - өнер. Себебі, тіл – тәрбие құралы.

Төртінші қыры - байқағыштық сезімі - зеректігі, көрегендігі.

Бесінші қыры - әр жүректі білім шұғыласымен нұрландырудың ең тиімді, ең төте жолын таба білетін жасампаздығы.

Алтыншы қыры - жан-жақты дарындылығы.

Жетінші қыры - үздіксіз, тынымсыз ізденімпаздығы.

Сегізінші қыры - үлгі-өнегесі, мұғалім мәдениеті немесе педагогикалық әдеп этикасы деуге болар еді. Себебі, мұғалімнің келбеті - сыртқы мәдениеті, қарым-қатынасы, өзін-өзі басқаруы, бақылауы, сөйлеу мәдениеті, үздіксіз жаңарып, өзгеріп, үнемі жаңа сипатқа ие болып отыруы мұғалімдік мамандықтың ең басты этикалық сапалық белгісі.

Сын тұрғысынан ойлауды технологиясын пайдаланудың мұғалімге де берері мол:

1. Барлық баланы оқыту;
2. Білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару;
3. Оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену;
4. Оқушы үнемі үй тапсырмасын оқып, орындауға дағдыланады.
5. Оқушыда жылдам ойлап шешу әрекетін қалыптастырады
6. Сұрақтарға қысқа, нақты жауап беруге машықтанады.

Пәндерді оқытудағы сыни тұрғысынан ойлау – креативті тұлғаны қалыптастырудың бір жолы. Сын тұрғысынан ойлануды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір - түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Әрине, маған сабаққа тиянақты дайындалуға көп уақыт қажет болды және тапсырмаларды түрлендіріп, сабақты өмірмен байланыстырып, әр сабақ сайын топтарды өзгертіп отырдым. Соның нәтижесінде студенттерде қызығушылық арта түсті. Әр сабақ соңында студенттердің жеткен жетістіктерін, кемшіліктерін талдап, түсіндіріп отыруға тырыстым. Бұл – менің тәжірибемде енгізген ең басты жаңалық болды. Әр сабаққа мақсат құрып, күтілетін нәтижені анықтап, олардың сабақ барысында не арқылы бағаланатынын көрсетіп отырдым. Сабақтарымның кіріспе, тұсаукесер, негізгі және қорытынды бөлімдерінде мұғалім және оқушы іс-әрекеттерін толық жазу арқылы сабақ барысында мұғалім – нұсқаушы, оқушы – ізденуші екендігі айқындалды. Педагогтардың кәсіби-педагогикалық қасиеттерін қалыптастыру, жетілдіру жұмысына сапалық серпіліс жасауға, оған шын мәнінде үздіксіз, біртұтастық сипат беруге, мектептен бастап, білім беру мекемелерінің, арнаулы, жоғары білім беретін оқу орындарының бірігіп ғылыми-практикалық және әдістемелік тұрғыда жұмыс жасауын қолға алуға, яғни үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің біртұтастық, бірізділік, икемді, динамикалық, т.б. қасиеттерге ие интегративті сапасын өмірде пайдалануға баса назар аудару бүгінгі күн талабы болып отыр. Мектеп мұғалімінің пәндік-теориялық және әдіснамалық білім негіздері жоғарғы оқу орнында қалыптасады, ал, әдістемелік және технологиялық білім-біліктері, көбінесе, педагогикалық тәжірибеде қалыптасады, сондықтан, бұл мәселені мектептің менеджменттік саясатымен айналысатын қызметкерлер көңілден тыс қалдырмауы керек. Г. Галилей : «Адамды бірнәрсені қайталауға үйреткеннен гөрі, оған жаңалық ашуға көмектескен жөн»- дегендей басшылық мұғалімге осы бағытта жұмыс істегенде ғана, мұғалім ойлау мен шығармашылық қабілеті қалыптасқан, құзырлы тұлға қалыптастыра алады.

Мұғалім шеберлігінің дамуы мұғалімнің кәсіби

ізденіске ұмтылып, кәсіби деңгейін әрдайым көтеруге мүдделі болады. Әрбір мұғалімнің жеке және ұжымдық зерттеу жұмысын ұйымдастыру үшін өз жұмысын ғылыми негіздеп жеке қорын жасауға мүмкіндігі артады. Мұғалімнің кәсібилігі туралы әңгіме қозғағанымызда өте көп мәселелік сұрақтар туындайды. Сөз жоқ, мұғалімнің кәсіби деңгейін оның студенттерге тиісті білім беруі, біліктілік пен дағдыларды қалыптастыруы тұрғысынан бағалау қажет-ақ. Бүгінгі білім беру саласындағы көкейкесті мәселелердің бірі – болашақ маманның кәсібилігін арттыру және заманауи технологияны енгізу тәжірибесін өзі зерттеп, жинақтау [2].



Болашақ мұғалімді дайындауда олардың кәсіби дайындауда сапасын арттырудың маңызы зор. Өйткені «рефлексия» - жаңа білімді ой елегінен өткізу, бұл білімнің бұрынғы біліммен байланысын құру, соның нәтижесінде жаңа көзқарас тудыру.

Кәсіби дамудың басты негізі-шығармашылықпен айналысу. Шығармашылық ол-ұстаздың талмай ізденуі. Қажымай тынымсыз ақыл-ойын дамыту. Әрбір қоғам иесін кемел ақылға жетелейтін іс-әрекет жасауы.

Демек заман талабы біздің жол маманды даярлауда үлкен өзгерістерді қажет етеді. Ойды сараптай алу өз жұмысына шығармашылықпен қарауды талап етеді. Бұл белсенділікті талап ететін іс. Мақсатты дұрыс жол алу ұтымды нәтиже береді.

Шығармашылық жұмыстардан жүйелеу әдістерінің ерекшеліктері: болашақ маманның кәсіби деңгейінің өсуі. Болашақ маманға инновациялық технологияны үйрету арқылы кәсіби шеберлігін, іскерлігін, ізденісін туғызып, шығармашылық жұмыс істеуге жол ашса, білімгер білім сапасын арттыруға өз үлесін қосады [3].

Жобалау технологиясы студенттерді өз ойларын өздеріне ыңғайлы уақытта, шығармашылық түрде ұйымдастырылып, ойластырылған түрде жеткізе білуге дағдыландырады, өздерін - өздері іске қосып, өз іс - әрекетіне баға беруге, тексеруге әсерін тигізеді. Ең бастысы жобаның құрылысы қандай болатынын және тұсау кесері қандай түрде өтетінін студенттердің өздері шешеді. Жобамен жұмыс істей отырып, студенттер жеке де, топпен де өз беттерінше керекті мәліметтерді табуға, түрлі дерек көздерін пайдалануға үйренеді. Оқытушы олардың тең құқылы кеңесшісіне айналады. Бірігіп жұмыс жасау ұжымды жақындастырады, студенттердің бірі- бірімен қарым – қатынасы, тек өз жұмысына емес, бүкіл ұжым жұмысына деген жауапкершілігін арттырады.

Әрбір студент өзі бастаған жұмысының толық нәтижесін көру үшін оны жақсы аяқтауға тырысады. Мұндай оқу технологиясы студенттерге шығармашылық ізденіске дағдылануды, ұжымда жұмыс жасауды үйретеді. Дәстүрлі сабақтардан гөрі жобалау технологиясын қолданған сабақтар оқытушыға да, студентке де жауапкершілік жүктейді, шығармашылық ізденісті талап етеді. Жоба технологиясын қолдану студенттердің болашақ мамандығына қызығушылығын арттыруға, оны меңгеруіне, мектепке барған кезде балалармен жаңаша жұмыс істеу іскерлігін қалыптастыруға, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді [4].

Бүгінгі таңда еліміздің жоғарғы оқу орындарында сабақ беріп жүрген оқытушылар білімгерлердің білім алуға негізделуін қалыптастыруға итермелейтін әр-түрлі тренингтер, іскерлік ойындар, пікір сайыс, оқытудың жаңа жобаларын, яғни интерактивтік технологиялар енгізуде білімгерлердің танымдық іс-әрекеттерін жаңа ой пікір сондай-ақ өзгеше көз қарасты енгізуді талап етеді. Осы мәселенің тыңғылықты шешілуіне байланысты қазіргі кезде оқытушылардың негізі міндеттерін төмендегідей ретпен анықтаған абзал:

- оқытушының өзінің жоғары дәрежелі кәсіби шеберлігімен қол жеткізу;
- әр білімгердің жеке басының мүмкіндігі мен қабілетін дамытуға жағдай жасау;
- ойлануға икемді, білім құмар, өзі оқып жүрген тілде ой –пікір алмасуға қабілетті жан-жақты дамыған адамды қалыптастыру.

ЖОО оқу процесі ең алдымен болашақ маман иелерін өзіндік кәсіптік білім, дағды іскерлігін қалыптастыруға әсерлігін қалыптастыру керек.

Білімнің мақсатына жаңаша түсінікпен қарасақ, оны дамытудың басты стратегиясы бағыт – бағдары - өмірге жауапкершілікпен қарайтын дүние танымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеті биік, инновациялық біліммен қаруланған, адамгершілік қасиеттері мол, білікті мамандардың жаңа ұрпағы қалыптасады.

Инновацияның қолдану міндеттері:

- Біріншіден, білім жүйесін дамыту және жетілдіру;
- Екіншіден, оны үздіксіз, әрі кеңірек енгізу;
- Халықаралық білім кеңістігімен ұштастыру.

Мұғалімнің кәсіби білігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің дамуының алғы шарты болып табылады. Ұстаздың кәсіби шеберлігінің негізі:

Біріншіден, мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық наным.

Екіншіден, пәнді жетік білуі, ойын студенттерге жеткізу үшін жан жақты, терең дайындықпен баруы, студенттер бойына әдеп, әдет, дағды сияқты жақсы қасиеттерді сіңіруі, моральдық нормаларды білуі.

Үшіншіден, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс тәсілдерін міндетті түрде меңгеру. Сонымен қоса, мәселенің шешімін табу арқылы жеке тұлғаның ойлау қабілеті нығайып, кез келген проблеманы шешуге дағдыланады. Сабақтарда қолданылатын интерьбелсенді оқыту әдісі- оқу мазмұны мен оны игеруге негізделген технологияның негізгі түйіні. Интерьбелсенді оқыту сабақтарында тапсырманы орындау барысы мен білімді меңгеруді тексеретін әртүрлі

бақылаулар қолданылады. Атап айтсақ; өзін-өзі тексеру, ағымдағы және аралық тексеру, т.б. анықталады [5].

Білім беруде инновациялық технологияларды қолдану (жеке тұлғаның) білімгердің танымдық қабілетінің жоғарғы дәрежеде дамуына, өз әрекетіне өзгеріс енгізіп, өзін үнемі жетілдіріп отыруына ықпал етеді. Білім беру жүйесінде жаңа технологияларды (инновациялық үрдістерді) қолданамын. Мұндағы басты қағида басқарудың демократиялық және жеке тұлға қалыптастыру үрдісін іске асыру. Басқа мемлекеттер сияқты еліміз білімнің бәсекеге қабілеттілігін бірінші орынға қойып отыр. Оңтайлы білім жүйесін таңдаған

ел ғана өзінің ғылыми, рухани, интеллектуалдық әлеуеттерін дамытуға мүмкіндік алады және әлемдік қауымдастықта көш басшылық орынға ие болады.

Білім беру қызметі барысында білімгерлерді жаһандану талаптарына жауап бере алатын, әлемдік өркениет үрдісінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықты сақтауға негізделген, бәсекеге қабілетті азаматтарды тәрбиелеу міндеті тұр. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген қанатты сөз бар. Ұстаз ұлағатты, сауатты, сара көңіл, дара пейіл, көргені көп, көңілге түйгені мол болса, сонда ғана ұстамы мықты ұрпақ қалыптасары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектеп. Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал, 2014 ж.
2. Кәсіби даму мектебі. Алматы 2009 ж.
3. Сегізбаева Қ.Қ. «Болашақ ұстаз тұлғасын қалыптастырудағы кәсіби жетістік, өкілеттілік, міндет қызмет бабының рөлі». Алматы, 2009 ж.
4. Тұрғынбаева Б. «Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту» Алматы, 2010 ж.
5. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері / Оқу құралы. Алматы, 2013 ж.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЗАМАН ТАЛАБЫ



Кунтубаева Д.К.

– «География және экология» кафедрасының оқытушысы, ТарМПУ

Бүгінгі күнгі жоғары оқу орындарының басты міндеті – білікті мамандарды дайындау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгереді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттің болашақ дамуына арналған «Қазақстан-2050» бағдарламасында жоғары білімнің сапалылығы, адамсүйгіштігі және жаһандануы арқылы мәдениет жасаушылық, интеграциялық рөліне ерекше мән берген болатын. Қоғамымыздың қазіргі дамуы жоғарғы мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр [1].

Осыған орай, оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде. Заманауи оқыту: бұл жеке тұлғаның мүмкіндігі мен шамасына қарай мәселенің байыбына барып, үлгі көрсетер өнегелеріне еліктеп, тағылымдық жолдарын қабылдау, оған шығармашылық тұрғыдан пайымдау жасауға үйретеді. Сонымен қатар шығармашылдық ойлау мен бастамашыл іс-әрекеттегі саналылықты өрістетуге зерттеушілік тұрғыдан белсенділігін жетілдіріп, іс-әрекетке бейімділігін, қызығуын қалыптастырады.

Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз барлық іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, өзін таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде. Қазақстандық педагогтар бұл мәселені әртүрлі аспектілерде: теория мен практиканың өзара байланыс мәселесі (А.Е. Абылкасымова, М.С. Молдабекова, М.Ә. Құдайқұлов, К.А. Жусупова, Н.Б. Жаманқұлова және т.б.); ақпараттық технологиялардың теориялық негіздері және электрондық оқулықтарды даярлау (Г.К. Нурғалиева т.б.); қашықтықтан оқыту жағдайындағы студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, компьютер арқылы дербес оқыту (В.Н. Агеев т.б.) және де студенттерді ақпараттық технология құралдарын қолдануға әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету т.б. ғылыми еңбектерінде қарастырылған [2].

Оқыту үрдісін жетілдіру мәселесі көптеген ғалым педагогтермен психологтердің еңбектерінде Л.В. Занков, М.А. Данилов, Ю.К. Бабанский т.б. зерттелінген. Қ.Д.

Ушинскийдің пікірінше, кез-келген әрекетте, әсіресе, білім алуда-оқушыны жетістікке келтіретін шарттарды қамсыздандыру маңызды. Сабақ барысында заманауи технологияларды меңгерту мұғалімнің интеллектуалдық кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.

Сондықтан, елімізде жоғары білім беру саласы соңғы жылдары өзгеріске ұшырап, жаңа бағыт іздеу жолында. Мұғалімнің өзінің инновациялық білім көтеру оның өз бетінше педагогикалық құндылықтар, технология, шығармашылық тәжірибелерді игеруі қарастырылады.

Оның мазмұны психологиялық-педагогикалық және арнайы білімнің педагогикалық жұмысты ғылыми ұйымдастырудың негіздерін, жалпы педагогикалық іскерлікті қамтиды. Қазіргі заманда білім беру ісінде талап деңгейінен шығу мұғалімнің іздену шеберлігіне тіреледі. Бүгінгі талап жеке тұлғаға білім берумен бірге оны білікті түрде қолдана алуына, оны дағдыға жеткізіп қана қоймай баланың ақыл-ойын, қабілетін дамытуға, әрекет нәтижесінде белгілі тұжырым жасай алуға үйретуге негізделеді. Әрине, оқытудың барлық әдістері баланы дамытуға бағытталған. Дегенмен осы кезге дейінгі дәстүрлі оқытуда оқулық пен мұғалімнің пікірін нысана етумен шектелеп келді. Ал бүгінгі оқыту оқушы қабілеті, оны жан-жақты дамыту, даму әрекеттерін ұйымдастырудың қажеттігін дәлелдеп отыр. Көрнекті педагог А.С.Выготский баланы дамыту әрекеттері оқыту барысында іске асатынын дәлелдей келіп, бала дамуының екі түрлі ортасы болатыны жайында теория ұсынды.

Студенттердің танымдық іс-әрекетінің жемісті өтуін қамсыздандыратын және осыған байланысты талаптар:

- студенттердің жетістікке жетуіне ұмтылдыру;
- әр студенттің жетістіктерін жүйелі көрсету;
- жеткен нәтижелер туралы қорытынды беру;
- мүмкін болған қиындықтарды есепке алу және олардың алдын-алуды қарастыру.

Заманауи технологияларды қолдана отырып, студенттердің танымдық қызметін белсендіру қажет. Проблемалық тапсырмаларды орындау барысында әрекет субъектісі үшін жаңа, пайдалы нәрсе қалыптасады. Бұл мәндегі әрбір проблемалық тапсырма шығармашылық болып табылады. Заманауи технологиялар туралы сөз қозғағанда, субъект үшін жаңа нәрсені назарға аламыз және бұл «жаңаны» оқушы өзіндік іздену әрекетінің нәтижесінде өзі үшін ашуға және жасауға міндетті. Мұндай әрекеттің механизмін қарастырайық: оқушылар жаңа білім менгергені үшін жақсы баға алу арқылы бағытталған. Өзіндік жұмыс үрдісінде негізгімен қатар, жаңа материалды еске түсіруі тағы бір неше түрі қосылады: көзбен көру, дыбыстау есіту, жолдасымен талдау, қайталау. Профессор Ж. А. Қараевтың жұмыстарында еліміздің көптеген мектептерінде қолданылып жүрген оқытуды дербестендіру мен деңгейлік дифференциалдау және білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру принциптеріне негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технология алғаш рет зерттелген. Егер осы жұмыстарда қарастырылған оқытудың педагогикалық технологиясын оқу-тәрбие процесіне, оқытудың жаңартылған жүйесінің жобасы ретінде енгізетін болсақ, онда:

- білімді демократияландыруға және ізгілендіруге;
- оқыту сапасын арттыруға;
- басқару тиімділігін жетілдіруге;
- оқушылардың дамуына бақылау жасауға;
- оған сәйкес бағалауға болатыны дәлелденіп отыр.

Бұл жағдайда педагогикалық технология - компьютерлік техниканың тиімді пайдаланылуына мүмкіндік туғызады. Сондықтан да, жүргізіліп жатқан біздің тәжірибелік - сынақ жұмыстарымыздың басты міндеті - дәл осындай оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын оқыту процесіне енгізу болып табылады.

Өздігінен білім алу мақсаты (жаңа мақсат). Ол дәстүрлі оқытудағы мазмұнды, әдісті, сабақтың түрін, құралдарын жаңа мақсатқа сай өзгеруін талап етеді.

Студенттердің танымдық қызметі; Ол төмендегі іс-әрекеттерден тұрады:

- әрекеттің бағдарлық, негіздері (өткен материалдар);
- орындаушылық әрекеттер, мысалы, өздігінен деңгейлік тапсырмаларды орындау.
- түзету әрекеттері (қателермен жұмыстар);
- бақылау әрекеттері (бақылау жұмыстары);

Жаңаша өзгерген мақсат: студенттердің өздігінен танып, іздену әдістерін меңгеруі талап етіледі. Бұл әдістер бойынша оқытушының күнделікті жұмыста пайдаланған оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Демек, біздің жағдайымыздағы «оқыту әдістемесі» - деп отырғанымыз «студент-оқытушы» деген өзара тығыз байланыстағы қатынасты қарастырады. Оқытудың қазіргі технологиялары түрі, бағыт беру, талқылау және түзету енгізу арқылы жүзеге асады. Сондықтан өзім жүргізетін Экология пәнінің – өзіндік ерекшелігі бар пән. Экологиялық білім- қоршаған ортаны қорғау үшін қажетті білімді, әдетті, ептілікті, икемділікті қамтиды [3].

Сондықтан, пәні мұғалімі болу деген сөз – кең көлемді, терең білімді, есте сақтау қабілеті күшті, мазмұн – табиғаты терең ұстаз мұғалімдерді талап етуі, әрі осыны қажет етеді. Сабақтың мазмұны, түрі және әдіс

- тәсілі оқыту жүйесінде біртұтас бірімен-бірі тығыз байланысты.

Бұл пәнінің басқа пәндерден ерекшелігі – мұнда студенттер өздігінен ізденіп, білім дағдысын толықтыруға әр түрлі суреттер, сызбанұсқалар, карталармен көп жұмыстар жүргізуге ерекше назар аударылады. Олардың пәнге қызығуын арттырудың бір жолы – сабақта жаңа білімді меңгертуде оқушалырдың өздерін белсенді қатыстысу. Сабақты жалықпай тыңдап көңілді отыруына, білім алуға ынталандыра түсуге жағдай жасау үшін сабақты түрлендіре, жаңа технологияларды пайдаланып өткізу қажет.

Ол үшін мұғалім өз пәнін әр-түрлі әдіс-тәсілдермен өткізуге көңіл бөледі. Оқу нормативі вариативті болуы ықтимал, ол әр мұғалім өз әрекетінде мүмкіндігіне қарай сабақ үрдісінде түрлі әдіс – тәсілдерді қолдануы қажет. Бұл жерде шығармашылық мүмкіндігінде шек жоқ, әр ұстаздың өзінің жеке қабілеті, оның жеке тұлға сапасы, өзінің әдістемесі өзінше болуы мүмкін. Бірақ жұмыс бағытында барлық мұғалімдердің жалпы бағдарлама бойынша берілген нормативті сақтауы қажет. Қазіргі жаңа педагогикалық технология географияны оқытуда Шаталовтың ұсынған әдісі негізінде тірек – конспект, диаграмма, график, логикалық тірек – сызбасы қолданылады. Әсіресе, көп назар топтық және жеке студенттермен жұмыс істеуге аударылады, бұл жерде жаңа технология жүйесінде мәнді ойындардың, семинар, дискуссия, баспасөз – конференциясы, лекция, сынақ, топ серуендері, практикалық жұмыстардың маңызы зор. Заманауи технологиялардың мақсаты бойынша «оқытуды ізгілендіру» қажет.

Өз сабағында материктер мен оның дүние бөлігіндегі және аралдардағы елдер мен халық жайында, қызғылықты деректерді тек оқулық мәтініндегі берілген карта, сызба, сурет немесе диаграммаларды пайданумен ғана шектелмей, электрондық оқулықта көрсетілетін бейне арқылы пайдаланған тиімдірек. Материктердің қалыптасуын, дамуын және қазіргі табиғат жағдайындағы ұқсастықтарын, солтүстік және оңтүстік жарты шар материктерін көзбен көріп, есте сақтау үшін, жерсерік арнасы арқылы қашықтан оқыту жүйесін пайдаланған жөн.

Экология сабағында мультимедиялық презентацияларды сабақтың барлық кезеңдерінде:

- пән бойынша негізі білімді игеру, игерілген білімді жүйелеу,
- өзін-өзі бақылау дағдыларын құру, толық немесе нақты бір пәнге оқыту қабілетін құру,
- оқу материалындағы өзіндік жұмыста оқушыларға оқу-әдістемелік көмек көрсету кезінде қолдануға болады.

Әр сабақта компьютерлік технология арқылы барынша толық жұмыс істеу оқытушыдан шеберлікті, іскерлікті, өте жоғары ұйымдастырушылықты қажет етеді. Мультимедиялық технологиялардың қызықты мүмкіндіктері электрондық оқу құралдарын жасауды және де басқа оқып үйренуге арналған құралдар жасауда көп қолданылады.

Мультимедиялық технологияларды кеңінен қолдану арқылы оқытудың компьютерлік технологияларын дамытудың жаңа бағыттарын меңгерудемін.

Педагогикалық технологияны құруға қажетті

тұжырымдама, С.А. Рубинштейннің еңбектерінде айтылған, «ойлау барысында ойлау объектісін жаңа байланыстарға қосуға педагогикалық, психологиялық берік негіз бар» - деген ойыннан алынған. Ол бойынша өнертапқыштық пен жаңалықтар ашуға жетелейтін баланың жаңа қасиеттерін ашуға болады екен [4].

Заманауи технологиямыздың тағы бір психологиялық негізі болып табылатын теория - Л.С. Выготскийдің «оқыту процесінде оқушының ақыл-ойының дамуы «актуальды даму» аймағынан «жақын арадағы даму» аймағына ауысуы» туралы теориясы. Бұл ауысу - тапсырмаларды қайталап орындауға ғана арналған 1-ші деңгейден өнімді іс-әрекетті қажет ететін жоғарғы деңгейлерге ауысу негізіндегі іс-әрекет арқылы жүзеге асады. Сонымен, қорытып айтатын болсақ, бұлар: Бірінші деңгей үшін - игерілгенді пысықтау мен қайталауға, ережелер мен анықтамаларды, формулаларды жаттауға арналған.

Жоғары деңгейлер үшін - алған білімдерін өз бетімен қорыту мен жүйелеуге және тәжірибеде қолдануға арналған тапсырмалар. Шығармашылық қабілеттің дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер қағидасы ойлау теориясын ашады. Компьютерлік нұсқа әзірлеу оқушыларға мәнді жайтқа байланысты жан- жақты, өзінше тұжырым жасауға, оқиғаның құбылыстың өту жағдайына әсері сонымен қатар қол жеткен табыстарды ойластыруға мүмкіндік береді. Мұның бәрі оқу барысын зерттеуге және ғылыми тәжірибеге жақындастырады. Компьютерлік техниканы оқу барысында қолдану оқытудың әдістері мен түрлерін мазмұнын жасауға, оқу барысын басқаруды оңтайлы тұрғыда игеруге, т.б. мектепте білім берудің педагогикалық жүйесін заман талабына сай етуге мүмкіндік береді.

Мультимедиялық технологияны қолдану әдістемесі:

1. Оқытуды басқару жүйесін сабақтың әр-түрлі кезеңдерінде жетілдіріп отырады. Оқытудың

мотивациясын күшейтеді;

2. Оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамытатын оқыту мен тәрбиенің сапасын арттырады, оқушылардың дайындық деңгейін арттырады;

3. Компьютер тек ойын ойнайтын құрылғы емес, басқа да мүмкіндіктері бар екенін көрсетеді;

Мультимедиялық сабақтар келесі дидактикалық мәселелерді шешуге көмектеседі. Қазірше электрондық оқыту процесі жоғары және үздіксіз білім беру жүйесінде іске асырылуда және барынша дамуда.

Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындарында білім беру мазмұны, оқыту формасы мен әдістері уақыт талабына сай мамандыққа қойылатын талаптарға сай ұйымдастырылуды талап етіп отыр. Сондықтан болашақ педагогтарға педагогика ғылымын терең зерттеу, оны меңгеру өзекті мәселе болып табылады[5].

Заманауи технологияларды қолдану барысында болашақ педагогтың ізденісіне негіз болатын білімді қалыптастыру мына төмендегідей:

- Студенттердің белсенділігін қалыптастыру барысында интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігін арттыру;
- Оқыту мен білім берудегі заманауи технологияларды қолданудың тиімді жолдары арқылы оның мазмұнын, формасы мен әдіс-тәсілдерін анықтау;
- Оқыту мен білім берудегі заманауи технологияларды қолданудың тиімді жолдарын іс-тәжірибе жүзінде жүзеге асыру.

Қорытындылай келе, білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып, онымен үнемі өзгеріп отырады, осыған сәйкес оқу орындарында қойылатын талап та, ондағы оқыту мен тәрбиелеу әдіс-тәсілдері де өзгеріп отырады. Студенттердің білім, білік, дағдыларын жетілдіру үшін, оқытудың заманауи технологияларын қолданудың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» // «Егемен Қазақстан». 15 желтоқсан, 2012 ж.
2. Аккуланова Б.Б. «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру».
3. Ералиева М. «Оқытудың қазіргі технологиялары» // Қазақстан мектебі, 2015 №5, - 12 б.
4. Шереханова К.П. «Жаңартылған бағдарламаны жүзеге асырудағы жаңаша әдіс-тәсілдер». 28-29 бет.
5. Баймұхамедова С. Жаңа ақпараттық технологиялар. Оқу құралы. Алматы, 2003 ж.

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В ВУЗАХ

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ



Жантаева М.К.
– «Музыкалық білім»
кафедрасының аға
оқытушысы, ТарМПУ



Кұрмантаева С.Ж.
– «Музыкалық білім»
кафедрасының аға
оқытушысы, ТарМПУ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез - келген азаматы әлемнің кез-келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Біз елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» - деп атап көрсетіп білім саласына жауапты да ауқымды жұмыстар жүктеді.

алған білімдерін, жинақтаған тәжірибелерін жас маман еңбек еткенде жас жеткіншекке үйретуді алға ұстау қажет.

Оқытушы студентпен тығыз қарым-қатынаста дәріс бере отырып, ол оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына, үлкен ғылым әлемімен байланыстыра отырып оның жан-жақты дамуына, шығармашылық іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыруына тікелей ықпал етеді. Қай саланың болмасын өз ісін жете меңгерген шебері болады. Бұл – кәсіби іс-әрекетке жатады. Жоғары кәсіби деңгейге және оның жоғары нәтижелеріне жету үшін теориялық және практикалық білім алу, өзбетімен білімін жоғарылату және тереңдету арқылы болашақ маман білім мен білікті меңгереді.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше шығармашылықтың жемісті болуына адамның сезім күштерінің әсері өте зор. Бір мәселені ұзақ зерттеу барысында адам өзінің ішкі күштерін толық соған жұмылдырып жүрсе де, тұрсада ойымен сол бағытта белсенді жұмыс істесе, шабыттанып шырқауы арқылы шығармашылық шыңына жетуі мүмкін.

Психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласында шығармашылық іс-әрекет ерекшеліктерін зерттеумен айналысқандар Л.С.Выготский, СД.Рубинштейн, А.В.Брушлинский, О.К.Тихомиров, Т.А.Маслоу, Б.Г.Ананьев т.б. болған.

Педагог және психолог Ш.А. Амонашвили мұғалімнің тұлғалық сапасын былай анықтайды:

- Біріншіден, біз жанымыз жайсаң адамдар болуымыз керек және балаларды сүйе білуіміз керек;
- Екіншіден, біз балаларды түсіне білуіміз керек;
- Үшіншіден, оптимист болуымыз керек. Өзіміздің педагогикаға, тәрбиенің өзгертушілік күшіне сенуіміз керек;
- Төртіншіден, болашақ музыка мұғалімі олардың бойындағы бар жақсылықты көре біліп, ол кемшіліктерді жоюға көмектеседі. Бұлған эмпатийлік көмекке келеді.

Қазіргі технологиялардың қарқынды даму кезеңінде жоғары білім беретін оқу орындарының оқу үдерісінің тиімділігі болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығына тікелей қатысты. Сол себепті, болашақ мамандардың кәсіби дайындығы мен шығармашылық іс-әрекетінің қалыптасуы, олардың білікті маман болып шығуы өзекті мәселе болып табылады. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, жан-жақты дамыған тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анық көрсетілген.

Қазіргі кезде жоғарғы оқу орындарының алдында тұрған негізгі міндеттер: студенттерге сапалы білім беру, оларды жан-жақты тәрбиелеу, олардың ішкі, сыртқы дүниелерінің үйлесімділігін арттыру, еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, туған Отанына деген патриоттық сезімін дамыту, болашақ алдындағы өзінің жауапкершілігін түсінуге талпындыру, еңбектенуге дағдыландыру.

Білім беру тәрбиесі үнемі жаңарып, өзгеріп отырып сапалы болуы керек. Қай жағынан болса да келісті, еңбекқор, білімдар, адамгершілігі мол, тәрбиелі, ибалы, инабатты, мейірбан болашақ адамын тәрбиелеу болып табылады. Әр студентке дифференциалды қарауды талап етеді. Оқу жұмысымен тәрбие жұмысы қоса жүргізілуі керек. Әсіресе адамгершілік, рухани, патриоттық тәрбие жұмыстарына, шығармашылық іс-әрекеттеріне, тәрбие жұмыстары мағынасы жағынан, ерекше талап қойып, өте жоғарғы деңгейде болуы тиіс. Білім ордасында

Кез-келген мамандықтың өзіндік ерекшеліктері болатын музыка мұғалімінің де өзіне тән «құпиясы» бар. Музыка мұғалімі әрдайым шығармашылық ізденісте жүреді. Өйткені, ол оқу-тәрбиелік жұмыстарын жүргізе отырып, балалардың көзқарастарын, сенім-нанымдарын, талғамдарын қалыптастырады. Ол тек жан-жақты дамыған білімді, өз пәнін жақсы меңгерген маман иесі болып қана қоймай, жеке тұлға болуы тиіс.

Музыка өнері арқылы балаларды тәрбиелеуде, оның дүниетанымының, көзқарасының, түсінігінің мәнділігі қажет. Бұл мамандықты қалаған болашақ музыка мұғалімі әрдайым өзінің музыкалық қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін жетілдіре түсуі тиіс. Мұғалімнің музыкалық аспапта орындауы, даусымен еркін ән салуы сабақтың қызықты, әрі әсерлі, мазмұнды өтуіне себебін тигізеді. Музыка мұғалімі кез-келген сауатты музыкант ретінде музыкалық әдебиетті, музыканың тарихын, музыка тілінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын талдай білуі тиіс.

Болашақ музыка мұғалім өзінің кәсіптік жұмысының шығармашылық сипатын алдын ала сезінуі қажет. Өз ісіне шығармашылықпен қарамайынша оның еңбегінің нәтижесі де қуантарлықтай болмайды. Ол көп жылдар бойы жинақталған музыкалық - педагогикалық қазынамен танысып оларды игерудің өзіндік жеке музыкалық-орындаушылық, шығармашылық бағдарламасын дайындау керек. Жалпы танысып қана қоймай өзіндік жаңа музыкалық-педагогикалық материалдарды, репертуарды жинап меңгеруі, оларды өзінің күнделікті іс-тәжірибесінде қолдана білуі де маңызды. Бұл материалдардың барлығы педагогикалық практика кезінде, немесе алғашқы мұғалімдік қызметінде жақсы септігін тигізеді. Біртіндеп мұғалімнің музыкалық-педагогикалық ізденушілігі арқылы, білім беру саласына катысты Заңдар, тұжырымдамалар, бағдарламалар, репертуар (әндер, күйлер т.б.) жинақталып өзінің жеке музыкалық-педагогикалық базасы қалыптаса бастайды.

Болашақ музыка мұғалімдердің шығармашылық іскерліктерін қалыптастыруға олардың дәріс алып жатқан жоғарғы оқу орындар арасында өткізілген түрлі музыкалық-педагогикалық байқауларға, пәндік олимпиадаға, концерттік бағдарламаға қатысулары және ғылыми-теориялық, педагогикалық, музыкалық-зерттеушілік әдебиет көздерін, мерзімді педагогикалық басылымдарды өз беттерінше зерттеп, жаңашылдықты іздестірулері, құнды деректерді жинақтаулары, өздерінің педагогикалық қорын байытулары жақсы ықпал етеді және олардың кәсіби табысты нәтижеге жетулеріне мүмкіндік туғызады.

Қазіргі музыка мұғалімінің приоритетті кәсіби сапалық деңгейін анықтап қалыптастыруда, оқушылармен жүргізілетін музыка жұмыстары олардың өнерге деген қызығушылығын қалыптастыру, жеке қасиеттерін жетілдіру және дамыту қажеттілігіне негізделеді. Еліміздің «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басым міндеттері:

1. білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;

2. жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту;

3. адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектілікті байыту;

4. оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;

5. еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті мамандар даярлау, оларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру... деп көрсетілген болса, осы міндеттерді орындап, жүзеге асыруда мұғалімдердің ролі өте зор.

Мұғалімнің музыкалық – орындаушылық қызметі педагогикалық негізгі бағыт-бағдары төмендегідей болуы тиіс:

- балалар аудиториясына бейімделуі;
- өз музыкалық орындауында балаларды музыкаға тарта білуі;
- оқушыларды бірігіп орындауға тарту;
- балалардың ойлау, елестету сияқты шығармашылық қабілеттерін ояту т.б.

Мұғалімнің жеке ән салуы, сүйемелдеуде баланы жеке орындалатын классикалық, халықтық, қазіргі, шығармаларды орындауға баулуы, олардың сезімталдығын, музыкалықлығын, шеберлігін дамытады. Сол орындап отырған туындының стилін, дәуірлік ерекшелігін, композитордың өзіндік стилін бәрін сақтай отырып жеткізе бұл мұғалімнің білімділігі мен тәжірибесі мол шеберлігін де танытады. Мұғалімнің балалармен қосылып ансамбльде ән айтуы әрекетінің мазмұны мұғалімнің орындаушылық мақсатынан көрінеді.

Болашақ музыка мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетпен айналысуда тек ақыл-ойы немесе ән айтуы мен музыкалық аспапта орындаушылық шеберлігі ғана емес, сонымен қатар оның табандылығы, шыдамдылығы, мақсаттылығы, бастаған істі аяғына дейін жеткізе алуы, ойдың еркіндігі мен батылдығы, болжам жасай алуы, өз күшіне деген сенімділігі сияқты тұлғалық қасиеттері де қарастырылады. Шығармалардың авторларына, олардың шығармашылығына құрметпен қарауы да өте маңызды. Яғни, шығармашылық адамның тұлғалық қасиетіне жатады, сондықтан мұндай қабілетті әр адам жас кезінен өз бойында дамытқаны жөн.

Музыка мұғалімі өз бойына өнердің сан қырын сіңірген сөйлеу мәдениеті, кәсіби-педагогикалық, музыкалық орындаушылық дайындығы жоғары, қабілетті, іскер, ізденімпаз маман болуы тиіс. Бәрімізге аян, музыка балалардың қиялын, талғамын, мәдениетін, өнерге деген сүйіспеншілігін дамытады. Музыка пәнімен байланыста берілетін тәрбие шаралары мазмұны мен көркемдігі арқылы оқушылардың идеялық көзқарасын, қоғамға, Отанға деген сезімдерін қалыптастырады, өмір құбылыстарын дұрыс түсініп, қабылдауға жәрдемдеседі. Жалпы музыкалық білім беру жүйесі жас ұрпақты музыка өнеріне баулып, олардың жан-жақты мәдениетті, білімді, ақылды да сымбатты болып өсу үшін, ең жоғары мүмкіндіктерді қолдануды мақсат тұтады.

Бұл мәселелерді зерттеуші педагогтарымыз Макаренко А.С., Сухомлинский В.А., Арчажникова А.Г., Кабалецкий Д.Б., Жәрдемалиева Р.Р., Меңдаяқова Қ.М., З. Абиевалардың және т.б. өз еңбектерінде кеңінен қарастырған.

Мұғалімнің негізгі міндеті - оқушының ешкімге ұқсамайтын даралығын, шеберлігін көрсету, оны

дамыту, жарыққа шығару. «Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін жан-жақты білу қажет» деген белгілі педагог К.Ушинский айтқандай оқушыны жан-жақты білу үшін мұғалімнің өзі жан-жақты дамуы керек. Болашақ маманның кәсіби қалыптасуындағы қоғамдық факторлардың түрлері әр алуан. Болашақ маманның кәсіби қалыптасуы үшін, алдымен оның болмысында құндылықтарды қалыптасуы шарт, яғни гумандық, адамгершілік, рух, тәрбие. Қазіргі кездегі жаңа білім саласына қойылатын талап, жас маманның кәсіби білімділігіне, біліктілігіне мен дағдысына қойып отыр.

Музыка мұғалімі оқушылардың музыка өнері жөніндегі түсінігін кеңейтуде, ой-өрісін дамытуда заман талабына сай құрылған музыка сабағын жүргізілуі тиіс. Болашақ музыка мұғалімі - жан-жақты білім алған, оқушылардың бойында әсемдікке, көркемділікке деген нәзік сезімін шыңдай алатын шығармашылық бағыттағы тұлға болуы қажет. Мұғалім музыка сабағында оқушыларды әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсіндіріп, көркемдік атаулыны шынайы сезінуге, одан рухани ләззат, әсер алуға, өмір жайлы ой толғауға, ізгілікті мұрат-мақсаттарға жетелеп, өнегелі істерге баулиды. Осы маңызды міндеттерді орындау үшін балаңыз бойындағы қабілеттілікті дамыту керек.

Ал, жалпы музыкалық қабілетті дамыту үшін музыка пәнінің мұғалімі «сегіз қырлы, бір сырлы» болуы қажет. Ол – әнші, музыкант, актер, әдебиетші, тарихшы қысқасы, ғылымның әр саласынан хабардар болғанда ғана, бүгінгі күн талабына сай ұстаз бола алады. Сондықтан болашақ ұрпақтың білімділігі мен оның рухани байлығын музыка сабақтары мен музыкалық шығармашылық жұмыстар арқылы байытуда мәдениетті, білімді, өнерлі, музыкалық-педагогикалық, өзіндік ұстанымы мен таным-көзқарасы жетілген маман дайындаудың маңызы зор.

Қазіргі кездегі кең таралып жетілдірген музыка мұғалімінің әрекетінің бірі - балаларды музыкалық-пластикалық немесе музыкалық-хореографиялық әрекетіне дайындау. Бұл іс-әрекет музыка мұғалімінің шығармашылығының бір бөлшегі болып саналады. Музыка мен би өнерімен байланысын анықтайтын іс-әрекет. Кез келген музыкалық шығармаларға (ән, күй т.б.) музыкалық-пластикалық қымыл немесе халық билерінің элементтерін көрсету. Бұл іс-әрекет төмендегі мақсатты көздейді:

– балаларды музыкалық-пластикалық әрекет жасауға дайындау;

- би элементтерінің музыка сабағында орындауы;
- музыкалық-пластикалық іс-әрекет арқылы ырғақтық сезімді дамыту;
- музыкалық-пластикалық әрекет жасауға ынталандыру;
- дене бітімінің сымбаттылығын дамыту;
- сабақты бір сарынды өткізудің алдын алу немесе түрлердіру;
- оқушылардың музыкалық-пластикалық қызметті дұрыс орындауын қадағалау, бағалау.

Музыка мұғалімі жеке тұлға ретінде өзін-өзі шығармашылықпен жүзеге асырған жағдайда ғана орындаушылық мәдениеті, шеберлігі, музыкалық-педагогикалық сауаттылығы қалыптасады, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдауда өзін-өзі зерттеу, кәсіби іс-әрекетін талдау, оқу-тәрбие жұмысында қолданатын әдіс-тәсілдерінің тиімділігін пайымдау, музыкалық білім мазмұнын жобалау, болашақ нәтижелерді талдау сияқты толып жатқан іскерліктерін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Педагогикалық талаптарына сай балаларды шығармашылыққа баулуда тәжірибеде күнделікті қолданылатын арнайы музыкалық жаттығуларының алатын орны ерекше. Болашақ музыка мұғалімі педагогикалық шеберлігінің негізі - ең алдымен, олардың ғылыми тұжырымдама жасау әдістемесін бойларына сіңіруіне байланысты.

Музыка мұғалімі - ұйымдастырушы, тәрбиеші ретінде жетекші өзінің педагогтық шеберлігін арттырып, барлық жағынан үлгі болуға міндетті. Ол дайындықты ұйымдастырудың барлық мәселелерін шешуге, оның жоспарын жасауға, музыкалық шығармамен жұмыс істеудің мазмұны мен әдістерін, жеке-дара және топтың сабақтардың формаларын, тәсілдері мен әдістерін құралдарын динамикалық келісімділігін және т.б. мұқият ойластыруға тиіс

Сонымен қатар үздіксіз педагогикалық практика кезінде студенттерге нақты мектептің педагогикалық процесі жағдайында мұғалім міндеттерінің сан алуан түрлерімен танысып, оларды шығармашылықпен шешіп көруіне, өзіндік шағын эксперименттер жүргізуге, өздерінің педагогикалық шеберліктерін сынап көруге, «ұстаз-шәкірт» қарым-қатынас жүйесінде өздерінің жетекшілік ролдерін сезінуге мүмкіндіктер жеткілікті. Ең маңыздысы осындай мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана алу, болашақ мамандықтарының қыр-сырын саналы түрде меңгере білу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР МЖМБС 6.08.059-2010 стандарты (5В010200 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі»). - Астана, 6.08.05 - 2010.
2. Амонашвили Ш.А. Воспитательная и образовательная функция оценки учения школьников. - М., 1984. - 470 с. 4.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы». /2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
4. Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В. Музыкалық білім беру теориясы. – Павлодар, 2007. – 103 б. 3.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ



Баймолдаева Ж.Ж.

– «Музыкалық білім»
кафедрасының аға
оқытушысы, ТарМПУ



Абдикеримова П.Ж.

– «Музыкалық білім»
кафедрасының аға
оқытушысы, педагогика
магистрі, ТарМПУ

Оқушылардың көркемдік шығармашылығының ерекшелігі, мүмкіндіктері мен әрекеттің мәні, оның кезеңдері мен негізгі мазмұнды құрылымы туралы мәселелер көптеген зерттеулерде көрініс тапқан. Бұл мәселелерді жетекші психологтар – Д.Б.Эльконин, Л.С.Выготский, Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, А.В.Петровский, З.Фрейд, Б.В.Асафьев, Б.М. Теплов және танымал педагогтар- А.Грамши, Н.Д.Хмель, С.Смаилов, Л.Г.Арчажникова зерттесе, мәдениет теориясының дамуы туралы зерттеулер мен жеке тұлғаның эстетикалық көркемдік мәдениетін қалыптастыру мәселелері Э.А.Баллер, М.С.Каган, Э.С.Маркарян, В.С. Грехнев, А. Кробер, А.И. Арнольдov т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Оқушылардың музыкалық мәдениетін дамыту мәселелерінің тарихи және әлеуметтік түп тамыры тым әріде болғанымен заман ағымы, уақыт талабы бұл мәселелерді шешуді, оны зерттеудің жаңа сатысына көтерілуді талап етеді.

Оқушылардың музыкалық мәдениетінің қалыптасуына ең алдымен оның оқып білуі, саналы білім алуы негізгі күш болады. Бұл оның даму әрекетіне дайындық жасау дәрежесіне және оқу процесіндегі өзіндік белсенділігінің, қызығушылығының деңгейіне байланысты. Оқушылардың интеллектуалдық деңгейін қалыптастыруда орта мектепте оқытуды ұйымдастырудың, пән бойынша танымдық міндеттерді жиі қоюдың, оқу процесінде оқушылардың ізденістерін

Қазіргі таңда инновациялық-ақпараттық технологиялар еліміздің материалдық-техникалық базасын жасау құралы болуымен қатар, қоғамның әлеуметтік дамуын жеделдетуге ықпал етуде. Ол өндірістік техника мен технологияны жаңартып, материалдық игіліктер молшылығын жасаудың негізінде адамдардың интеллектуалдық байлығын арттырып, шығармашылық қабілетінің дамуына мүмкіндік жасайды. Олай болса, оқушылардың дүниетанымын кеңейтудің, олардың шығармашылық іс-әрекетін дамыту арқылы музыкалық мәдениетін қалыптастырудың қоғамдық мәні бар деген сөз.

ұйымдастырудың, оқып-үйрену барысында шығармашылық іс-әрекетке кеңінен тартудың маңызы ерекше зор.

Осыдан келіп, шығармашыл, музыкалық мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыруды ұдайы ұйымдастыру – оқу процесін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады. Оны жүзеге асыру орта мектепте оқушылардың белсенділігі мен шығармашылығын арттыруға септігін тигізетін оқу процесін ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Мәдениет-адамның өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, сондай-ақ олардың материалдық және рухани байлықтарын жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесі. Қазіргі мәдениет әр халықтың өзіндік ерекшеліктері мен мәдени дәстүрлерінен тұрады. Сонымен қатар, кез-келген ұлттық мәдениет тек өзінің мәдени мұрасына сүйеніп қана қоймай, басқа халықтардың да мәдени жетістіктерінің есебінен байытылып отырады.

«Мәдениет», «тұлға мәдениеті» ұғымы және оны қалыптастыру мәселесіне педагогтар, психологтар, әдіскерлердің көптеген еңбектері арналған. Аталған мәселе бойынша жүргізілген теориялық зерттеулер бұл ұғымдарға деген психологтардың, педагогтардың көзқарастарының әр түрлі екендігін көрсетті. Мәдениет және оны қалыптастыру мәселесіне арналған көптеген еңбектерді зерттеу, сондай-ақ, психологиялық педагогикалық зерттеулерді талдау нәтижесінде мынадай тұжырым жасауға болады. Мәдениет-адамзаттың тұлғалық келбетінің жарқын бір көрсеткіші. Бұл- дағы туған, өскен ортаға, табиғат құбылыстарына, алған білімге, тәлім-тәрбиеге, тұрмыс жағдайында

және т.б. толып жатқан себеп факторларға байланысты қалыптасады.

Мәдениет мәнін анықтаумен «іс-әрекет» ұғымы тығыз байланысты, яғни мәдениет теориясын іс-әрекет теориясымен байланыстыру. Мәдениетке мұндай анықтаманы көптеген авторлар берді. Мысалы, мәдениет бірнеше іс-әрекеттердің жиынтығы және олардың нәтижесі ретінде (М.С. Каган); іс-әрекет тәсілі ретінде (Э.С. Маркарян). Ғалымдардың еңбектерін пайымдай отырып, оқушылардың музыкалық мәдениеті – түйсігіне бағына отырып, алған біліміне, біліктері мен дағдыларына және де интеллектуалдық бейімділіктеріне сүйеніп, әсемдікті көре, түсіне, жасай білуі, талғап бағалай білуімен сипатталатын жеке тұлғаға тән қасиет деген тұжырым жасадық.

Іс-әрекет ұғымына берілген көзқарастарға шолу біздің зерттеуімізде мынадай екі бағытта қажет: музыкалық мәдениетті қалыптастыру процесіндегі оқушының іс-әрекеті және мұғалімнің іс-әрекеті. Өйткені, оқушылардың тұлғасын қалыптастыруда әртүрлі іс-әрекеттерді қолдану мұғалім іскерлігіне байланысты жүзеге асады.

Олай болса, музыкалық іс-әрекеттің көптеген түрлері адамның тұлғасын қалыптастыруға әсер етеді. Музыканың мәні, оның эмоционалды түрде қабылдануында және сезімді дамытудағы маңызылығында. Оқушылардың эмоциясын қалыптастыруда, адамның сезім туралы түсінігін кеңейтуде музыканың бейнеленуін өмірмен байланыстыру түрлі музыкалық әрекеттердің барысында жүзеге асырылады.

Оқушылардың музыкалық іс-әрекеті бұл балаларды музыкалық өнермен таныстыру құралы (сол арқылы айналадағы өмірді және өзін тануы), мұнда музыкалық дамуы және жалпы дамуы жүзеге асырылады. Музыкалық өнерді тану оны эмоционалды қабылдау арқылы іске асады. Музыка мазмұнын эмоционалды-образды түсіну оқушылардың қабылдауын тереңдетеді, орындаушылық және шығармашылықта музыкалық білім беру, музыкалық іс-әрекеттер негізге алынады. Э.Б.Абдуллин еңбектеріне сүйенсек, оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру мақсатында орындалатын музыкалық іс-әрекеттерді былай жіктеуге болады [1]:

- Музыканы қабылдау (тыңдауға арналған музыканы қабылдау, музыкалық-дидактикалық ойындар, музыканы орындалуына байланысты қабылдау).
- Орындаушылық (музыкалық-ырғақтық қозғалыс, ән айту, музыкалық аспаптарда ойнау).
- Музыкалық білім (жалпы білім, және музыкаға қатысты арнайы білім).

Бұл әрекеттердің барлығының өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, музыканы қабылдау – іс-әрекеттің жеке бір түрі бола алады және қалған әрекет түрлерімен байланысты. Орындаушылық және шығармашылық – ән айтуда, музыкалық-ырғақтық қимылдар жасауда, музыкалық аспаптарда ойнауда жүзеге асады. Музыкалық білім іс-әрекетінде – өнердің бір түрі ретінде музыка туралы жалпы мәлімет, музыкалық жанрлар, композиторлар, музыкалық аспаптар және т.б. сондай-ақ, орындаушылық қабілет туралы арнайы білімдер

беріледі.

Ән айту (музыкалық әрекеттің бір түрі) – адамның дене бітімінің дұрыс қалыптасуын, өкпесінің және дауыс аппаратының нығаюын дамытады. Музыкалық-ырғақтық қимылдарды жүйелі пайдалану дәлдікті, сұлулықты меңгертеді. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау есту қабілетін, шығармашылығын дамытады. Музыка тыңдау – сезімталдыққа, жылылыққа, айналадағы дүниені танып-білуге үйретеді. Музыкалық іс-әрекеттердің әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен оқушылардың қабілеттерін өсіріп, музыкалық дамуына арнайы әсерін тигізеді.

Сондықтан, музыкалық білім беруде музыкалық іс-әрекеттердің барлық түрлерін пайдаланған тиімді. Сонымен қатар оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыруда музыкалық қабілеттерді дамыту үшін музыкалық әрекеттер бірінің орнын бірі баса алады. Мысалы, музыкалық аспаптарда ойнауда ырғақтық қозғалыстар, ән айту, музыканы қабылдау дамиды. Ал, музыка туралы мәліметті қабылдау, орындаушылық, шығармашылық кезінде беруге болады. Осылайша, музыкалық іс-әрекеттің барлық түрі балалардың музыкалық мәдениетін қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады.

Б.В. Асафьев музыкалық іс-әрекетті үш бірлік процесі – композитордың музыканы шығаруы, орындаушының оны жеткізуі және тыңдаушының қабылдауы ретінде анықтады [2].

Музыканы жазу (шығармашылық) – музыкалық іс-әрекеттің алғашқы түрі және сол арқылы орындаушылық, қабылдау іске асады. Орындаушы – композитор шығармасын тыңдаушыға жеткізуші. Ол шығарманың туу тарихын, автордың ойын, ноталық жазбаны шығармашылықпен меңгеруі тиіс. Оның міндетіне шығарманы автордың айтар ойымен, тілімен жеткізу де кіреді. Дегенмен, әр орындаушының өзіндік ерекшелігі болады. Орындаушылық та өзгелер үшін баға жетпес көркемдік құндылық. Тыңдаушы – шығарманы орындаушының жеткізуіне, шығарманың сапасы мен орындалу деңгейіне, өзінің тыңдау тәжірибесіне, қабылдау мәдениеті мен талғамына байланысты қабылдайды.

Б.В. Асафьевтің оқушылардың музыкалық іс-әрекетіне (композитор – орындаушы – тыңдаушы) берген сипаттамасын былай тануға болады: қабылдау – орындаушы – шығармашылық. Бұдан шығатыны оқушылардың музыкалық іс-әрекетінің жетекші түрі – музыканы қабылдау.

Ал, оқушылардың музыкалық шығармаларды қабылдауы оларға арналған шығармалардың сапалы орындалуына байланысты. Сондықтан, мұғалімге музыкалық шығармаларды кәсіби (профессионалды) түрде орындау міндеті жүктеледі. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен жалпы мүмкіндіктерін ескере отырып, түрлі музыкалық шығармаларын тыңдату арқылы таным ынтасын қалыптастыру негізі қаланады.

Оқушылардың музыканы тыңдау тәжірибесі қабылдау әрекеті үшін өте маңызды. Егер де музыкалық шығарманы оқушы бар ынтасымен тыңдаса, оның сипатына эмоционалды көңіл – күй тудырса, ол эмоционалдық қабылдау болып табылады. Дамымаған қабылдау әрекетінсіз оқушылар музыканың сипатын, музыкалық

бейне мен оның өмірмен байланысын, музыканың мәнерлілігін түсіне алмайды. Музыканы қабылдау оқушылардың орындаушылық әрекетінде дамиды. Орындаушылық әрекеттің түрлерін меңгерту үшін оқушылардың іскерлік пен дағдыларын қалыптастыру қажет. Іскерлік пен дағдылар жаттығу, қайталау, би қозғалыстарында және музыкалық аспаптарда ойнау әрекеттерінде іске асады. Бұл қабілеттер музыкалық-дидактикалық ойындар мен жаттығулар арқылы қалыптастырылады. Ең бастысы, оқушылардың музыкалық іс-әрекетке деген қызығушылығын тудырып отыру қажет.

Оқушылардың музыканың белгілі бір түріне бейімділігін байқаған педагог оны сол бағытқа ұмтылуға қызығуына әсер етуі тиіс. Сонда оның қабілеттілігі барынша дамиды. Алайда, психологтардың тұлға дамуына әсер ететін жетекші іс-әрекет туралы тұжырымдарын есепке алу керек. Балалардың әрқайсысының ерекшелігін танып, қабілеті, бейімділігі, қызығуына қарай әрекет ету қажет. Егер оқытуда жеке-дифференциалды қадам болмаса онда дамытушылық болмайды.

Сонымен қатар, оқушылардың музыка тыңдауын жүйелі ұйымдастырып отыру керек. Музыкалық шығармаларды жиі тыңдау, музыкалық-әдеби кітаптар оқу олардың музыкалық ой-өрісінің өсуіне, музыкалық танымының жетілуіне бірден-бір себін тигізеді. Осылайша музыкалық шығармаларды жиі және жүйелі пайдалану-оқушылардың жалпы білімі, музыкалық санасы, мәдениетін дамытудың бірден-бір жолы дер едік. Дегенмен, оқушылардың музыкалық мәдениетін

қалыптастырудағы басты мақсат- оқушыларды музыканы тыңдауға, оны түсінуге, сүйеге және сұлулығын сезінуге баулу болуы қажет.

Қорыта айтқанда, оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру үшін мұғалімнің тарапынан дұрыс басшылық пен оқушылардың өздерінің белсенді болуы шарт. Оқушының жеке басының дамуына белсенді болуы үшін оны қажетсінуі қажет, сондай-ақ, музыканы тыңдау, бағдарлай білу, іздену біліктері болуы қажет. Мұның өзі жүйелі түрде оқытылатын сабақ және сабақтан тыс жұмыстарды оқушылардың өз бетімен, және мұғалім жетекшілігімен орындайтын әрекеттері нәтижесінде қалыптасады. Ал, оны арнайы ұйымдастыру- оқу үрдісіне жаңа құралдар мен әдіс-тәсілдерді енгізуді қажет етеді. Оқытудағы болатын мұндай өзгерістер педагог еңбегін жетілдіруді және әрдайым психологиялық- педагогикалық талдауды талап етіп отырады. Демек, оқушы тұлғасын қалыптастыруда іс-әрекет теориясын білу педагогикалық процесте тұлғаны іс-әрекет қабілетімен қаруландыруға жағымды жағдай жасайды. Себебі, оқушы іс-әрекетін дұрыс ұйымдастырып басқару оқушы тұлғасын қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады.

Сонымен, біздің тұжырымдауымызша, оқушылардың музыкалық қабілеттері, музыкалық мәдениет негіздері, жалпы әлеуметтік, сондай-ақ тұлғалық сапалары барлық аталған музыкалық әрекеттер (қабылдау, орындаушылық, музыкалық білім беру, шығармашылық) арқылы қалыптасады. Мұндай сапалар педагогикалық процесте мұғалім мен оқушының бірлескен әрекетінде жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абдуллин Э.Б. Музыка мұғалімінің музыкалық-педагогикалық технологиялары. – М.: Прометей, 2005.
2. Асафьев Б.В. Музыкальная форма как процесс. – Л., 1976.
3. Дүйсембінова Р.Қ. Музыкалық білім беру педагогикасы.– Талдықорған, 2006.
4. Нағымова М.М. Музыка сабағындағы инновациялық технологиялары. – Алматы, 2007.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНІҢ ҰРПАҚҚА БЕРЕР ТӘЛІМ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘРІПТЕЛУІ



Көшкінбаева Н.Р.

– магистр, «Кәсіптік оқыту және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, «Өнер және мәдениет» факультетінің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, ТарМПУ



Гааза Ж.Б.

– магистр, «Кәсіптік оқыту және дизайн» кафедрасының доценті, ТарМПУ, ҚР суретшілер одағының мүшесі

Киім бұл қоршаған ортадағы рухани өнерден және материалдық бөлімнен тұрады. Материалдық жағынан қараған кезде адамның қолымен жасап шығарған бұйымды бағалау және эстетикалық түр сипатымен қанағаттану. Киім бұл адамның көлеңкесі, бір бөпшегі десек те болады. Киіммен адам бір-біріне тығыз байланысты. Мән беріп қарайтын болсақ, адамның үстіндегі киімнің өзі көп мағынаны білдіреді, мысалға алар болсақ киіміне қарап қай жерде жұмыс істейді, қонаққа бара жатқанын, күйеуге шығып жатқанын, қандай ұлт екенін ажыратуға болады және т.б. көптеген жағдайларды білуге болады.

қояды. Қазіргі кезде жергілікті өнеркәсіп орындары барқыт пен пүлішпен сәндеп тіккен камзол шығаратын болды.

Қазақтың етігі де басқа киімдермен қатар арнайы тігіледі. Қазақ етігінің өкшесі биік, табаны түрлі өрнектер салынып, көкшіл бояуға боялып әсемделеді. Мұндай етікті «көк сауыр етік» дейді. Сонмен қатар, ұзатылатын жас қыздар, ұзатылған қыздар және оның еріп жүретін құрбылары киген. Сәукеленің негізгі бөліктері тәж, төбе, құлақ бау және артқы бойы. Сәукеленің төбесі қиық конус тәрізді болып келеді. Оның төбесінде «тәж» деп аталатын жартылай дөңгелек айдары болады. Оны асыл тас, алтын, күміс, меруерт, маржанмен өрнектеп алтын жіппен әшекейледі. Сәукеленің төбесінің биіктігі екі сүйем, кейде оданда биік болады. Сәукелені өлшеп пішіп алып, ішіне астар, сырт жағына бидай шүберек ұстап жиі етіп сыриды. Одан соң оның сыртын қамқа, дүрия, торғын сияқты асыл матамен тыстайды. Сәукелені әшекейлеу үшін оның тысының сыртын зер жіппен тоқылған оқаларды белдеулеп басады. Оның етегін мақпалмен не қара барқытпен әдіптеп көмкереді. Ал маңдай тұсына зер не жібек шашақтың шоқтарын тағады. Шашақтың сәукелеге жалғасқан тұсын асыл тастан көз орнатқан алтын, күміс түйреуіштермен бекітеді. Сәукеленің ең сыртынан шашақты, әшкейлі жібек матамен төгіліп жауып қояды. Ол көйлектің етегі сияқты жерге сүйретіліп жүреді. Сәукелеге ұзын құлақ бау тағады. Оны шеті шырайландыра зер не жібек жіппен шалып көмкеріледі. Түбіне сәнді түйреуіш түйреледі. Қазіргі кезде де кейбір жерлерде қалыңдықтың басына сәукеле кигізіп, ақ желек жабатындар да кездеседі.

Қазіргі заманда да, кез келген қыз көпшіліктің көзіне

Қазақтың ұлттық киімдері әр алуан, әрі олар халықтың көшпелі тұрмысына лайықты жасалған. Оның негізгі материалдары төрт түлік малдың өнімдері теріден, жүннен және т.б. заттардан жасалды. Сырт киімдерге тері мен жүн пайдаланылса, ал жеңіл киімдер үшін қажетті материалдар сол мал өнімдеріне, малға айырбасталып сатылып алынған. Ежелгі қазақ салтында мал терісінен жасалған сырт киімдерге тон, ішік, жарғақ шекпен, шапан жатады. Қаптама қысқы боранда малшылар киетін тон түрі.

Халқымыздың ұлттық киімі – мәдени мұрамыз. Ұлттық киіміміз әлем халқының алдында ұлтымыздың ерекшелігін танытады. Ұлттық өнерімізді өнер туындысы деп қарасақ та болады. Ол атадан балаға мирас болып келе жатқан байлығымыз.

Ұлтымыздың бет-бейнесі болып саналатын ұлттық киімімізді қастерлеу, дамытуға өзінің үлесін қосқан көптеген атақты сәнгерлеріміздің шығармашылық туындылары қазақтың ұлттық киімдері тарихынан осы заманғы талаптарына дейінгі аралықты қамтиды. Ұлттық сәнгерлеріміз, қазақтың ұлттық киімдерін бүгінгі ұрпаққа қайта жаңғыртуда өз үлесін қосуда.

Қыздар мен жас келіншектер киетін киім өте сәнді болған. Оның екі омырауына алтын, күміс жалатқан қозалар, шарбақ түймелер, меруерт, маржандар тағылған. Кейбір жерлерде күміс теңгелерді тесіп тағып

жақсы мінезімен, ерекше талғамымен түсуге ұмтылады. Ол үшін міндетті түрде қыз сандығының ішінде әсем ұлттық нақыштағы көйлек үлгісі болуы тиіс. Арнайы кеште ең көрікті арудың бірі болғыңыз келсе, ең бірінші пішінін дұрыс таңдау тиіс, пішініне байланысты, бұл маусымда бір түсті және кестелі жіппен өрнектелген көйлектерді ұсынуға болады. Әрине олардың барлығы тұтынушының талғамынан шығады деп айтуға болмайды, бірі - тым ерсі көрінсе, екіншісі - керісінше нәзіктік сыйлайды. Қазақтың ұлттық киімдері адамзат қоғамын рухани және мәдени қорының қымбат қазыналарының бірі – халықтың қолөнері мен әдет-ғұрпы, қай халықтың болмасын бітім тұлғасы, психологиялық, этникалық жан сезім белгілері оның қолөнер мен әдеп-ғұрып, салт-санасынан көрінеді. Өткен ел тарихына тұрмыс тіршілігін ой елігінен өткізер болсақ, халық өміріндегі әдеп-ғұрып, салт-санасынан ауысуы тарихи оқиғалардан кейін, заманның өзгеруіне байланысты болғаны айқын [1].

Кейінгі ұрпақ үшін қасиеті мен қадірі, мәні мен мағынасы, берер тәлім-тәрбиесі мен ұлағаты ерекше асыл мұра – қазақтың ұлттық киімдері. Қазақ ұлттық киімдері өзінің сипатымен, сырымен, сұлулығымен, сәнімен сан ғасырлық тарихының иісін сақтаған, бедерін жеткізген. Қазақ халқы бар өмірін ат үстінде өткізген көшпенділер құлазыған кең даланың үскірік аязы мен аптап ыстығында, салқын самалы мен аңызақ желіне қамсау болар ұлттық киімдердің түр – түрін ойлап тапқан. Қазақтың аса құрметті бұйымдарының бірі – киім тігу. Қазақы киім – көненің көзі. Ұлттық киім түрлерінің нақты алғаш кімнің қолынан шыққаны, кімнің ойлап пішкені, бізге беймәлім. Оның есесіне жылдар көші жылжыған сайын ұлттық киімдер дами түсіп, үнемі байытылып отырған.

Ұлттық киімдерінің ішінде ерекше әсемдігімен дараланатыны – қыздарға арналған киімдер. Сұлу да сымбатты қыздардың киген киімдері тал бойына жарасып, дараланған тұлға болып көрінудің өзі көрер көзді қуантып, адам жанын жадыратады. Қыздардың салтанатты жиын тойларда киетін сәнді көйлектерінің етек-жеңі, жағасы ерекше әдіптелініп, зер төгіліп көмкеріледі.

Қазақ ұлттық киімдерін күнделікті тұрмыстық және салтанаттық-сәндік деп екіге бөлінеді. Жалпы қазақ ұлттық киімдері етек-жеңі мол, қарапайым, жұмысқа және жүріп тұруға үйлесімді, дене сымбатын ашатын сәнді болған. Қазіргі өркениетті замандағы киімдер ұлттық нышандарымызды айқындай түсетін егемендімізге де, жастарымызға да күнбе-күн, той думандарда киіп жүруге әбден жарасымды.

Аяқтарына кебіс-мәсі, ауқатты отбасы әйелдерінің салтанатқа киетін оюланған кестелі етігі, көк сауыр былғарыдан тігіліп, оюлап, күміс құйма қақтырған кебістері болды. Асыл тастар орнатқан алтын-күміс сақина, шолпы, түйреуіш, білезік, шашбау, қаптырма, алқа және кемер белдіктері аса сәнді болған [2].

Сән (мода) – латын сөзі (modis – өлшем, тәсіл, іс-қимыл бейнесі деген ұғымды білдіреді). Сән – белгілі немесе басқа да бір талғамның уақытша үстем болуы. Киім – бірінші қажеттілік зат. Сән – әлеуметтік, экономикалық құбылыс. Адам қоғамының дамуына, жаңа тарихи қоғамдастықтар пайда болуына байланысты адам киімі де түбірімен өзгеріп отырады. Қазіргі сәнді демократияшыл деуге

де болады, себебі қазіргі таңдау идеясы мен еркіндіктің көптігімен, яғни әртүрлі стильдерімен, пішіндерімен, үлгілерімен, көлемдерімен, киім ұзындығымен, алуан түсті гаммалығымен ерекшеленеді.

Заманауи киім үлгісін дайындау үшін алдымен ыңғайлылығын, үнемділігін, тиімділігі мен эстетикалық сапасын ескеру қажет. Себебі, дизайнер костюм үлгісі арқылы көрерменге белгілі бір ақпаратты жеткізуге ұмтылады. Суретші модельер немесе дизайнердің шығармашылық еңбек етуіне әсер ететін факторлардың бірі шынайы өмір мен қиялдан туындаған туындылар нәтижесінде және де қоғамдағы әрбір аспекті дизайнер санасында көркем образды шығаруға, туындатуға әсер етіп, бұйым үлгілерін жобалауда тамаша жетістіктерге жетті [3].



Сурет 1. "Ақ кербез" коллекциясы

Еліміздің егемендік алып, осындай тарихи өзгерістің нәтижесінде халық шеберлерінің шығармашылық ізденісі шыңдалып, жетіле түсуде. Халық өнеріне ұлттық құндылық, қазына ретінде қарай бастадық. Енді алда осы құндылықты мәңгі рухани қайнарымызға айналдыру міндеті тұр. Қазақ ұлттық киімдері өз бойына ғасырлар бойы дамып өнердің өнерлі адамдардың тек жақсы жақтарын сіңірді. Қазіргі кезде мәдениет киімге деген көп көңіл бөледі. Мәдени мұра мәселесі мемлекеттік саясат мәртебесін иеленіп отырған қазіргі шақта, тәуелсіз мемлекет ұлты ретінде қазақтардың өзіндік ұлттық сана сезімін қалыптастыруда рухани адамгершілік құндылықтардың, нормалар мен мақсаттарының есіп-өркендеу қажеттілігі туралы ой пайда болады. Адамзаттық мәдени мұрасын сақтап қалу дегеніміздің өзі, біздің дәуір мен кейінгі ұрпақтардың өмірлік маңызды ісі болып саналады, ол ұлт болашағы үшін өрлей түсуі қажет. Мемлекеттік саясатта мықтап орын алатын мәдени мұра мәселесі. Н.Ә. Назарбаев атап өткендей «Мәдени мұра» атты орташа мерзімдік арнайы бағдарламаның алғашқы кезектегі мақсаттарының бірі «халықтық мол мәдени мұрасымен танысудың, оны зерттеудің тұтас бір жүйесін құру, соның ішінде қазіргі ұлттық мәдениеттің, фольклордың, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың жүйесін жасау» болып табылады [4].

Ұлттық мода, ұлттық киім, ол – ұлтымыздың болмысы. Қазіргі таңда біршама Қазақстанға танымал атақты дизайнерлеріміз ұлттық нақышта киім тігіп, пішіп, ұлттық киімнің түр-түрін насихаттап үлгеруде. Ал қазіргі таңда ұлттық киім, ұлттық мода отандық fashion – индустрияда бар деп айта аламыз. Себебі қазіргі

тұсаукесер, сүндет тойы, қыз ұзату мен келін түсіру рәсімдерінің барлығында бай қазақ отбасылары болсын, қарапайым отбасы болсын ұлттық нақышта тігілген киімдерді киюді сәнге айналдырған. Қыс мезгілінде жастарымыздың киіп жүрген тымақ, бөріктерін екінші бірі киіп жүрген тақияға қарап риза боламыз. Әжелердің көйлектері мен камзолдары да қазақтың ұлттық нақыштағы оюларымен көмкеріліп, жастардың ұлттық киімге деген қызығушылықтары артуда. Жалпы, бүгінгі қоғамның ұлттық сәнге қатысты ой-санасы жақсы жағына қарай өзгеріп, сұраныс артып келе жатыр деуге болады. Сонымен қатар, қазіргі таңда ұлттық мода десе, бірден шоу-бизнес өкілдерін елестету жаман әдетке айналған. Бірақ бұл Қазақстанның сән әлемінде ұлттық моданың жоқтығын білдірмейді. Осыдан төрт-бес жыл бұрынғымен салыстырғанда қазір ұлттық киімге, әшекейге, сәндік бұйымға деген сұраныс артуда. Тек әнші, әртістер ғана емес, қарапайым халықтың өзі қонаққа киіп баратын, той, мейрамдарда киетін киімдеріне ұлттық ою-өрнекті қосып тіктіруді сәнге айналдырған. Сондықтан ұлттық нақыштағы сәнді киім-кешектер бұрынғыдай таңғалдырарлық жаңалық емес екендігін айтып кетуге болады. Ұлттық мода қашан да бағалы, қашан да сәнді деп нақты айтуға болады [5].

Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің «Кәсіптік оқыту және дизайн» кафедрасында ұлттық киімдерді сақтау және оны студенттерге дәріптеу және дамыту жұмыстары жүйелі түрде атқарылуда.

Кафедраның басты ұстанатын бағыттары:

- Ұлттық мұраны сақтау, зерттеу және тарихи мәдени-мұраны тиімді пайдалану;
- Халық шығармашылығын дамыту және сақтау;
- Жастардың шығармашылық жұмыстарына қолдау көрсету;
- Жұмыс жасау үшін әдістемелік, ақпараттық, материалды-техникалық қамтамасыз ету;
- Облыс тұрғындарына кафедраның профессор оқытушылар құрамының және студенттердің жұмыстарын таныстыруға мүмкіндік жасау.

Кафедраның оқытушылары студенттермен бірге облыстық көрме залында ұдайы көрмелер ұйымдастырып тұрады. Көрме облыс тұрғындарына халықтың қолөнер бұйымдарын таратуға, ұлттық киімімізді дәріптеуге және жас талантты қолөнершілерді халыққа таныту үшін ұйымдастырылады.

2015 жылдың ақпан айында «Өнер асыл мұра» атты көрме ұйымдастырылды.

2016 жылдың сәуір айында «Тамаша әлем» атты көрме ұйымдастырылды.

2017 жылдың мамыр айында «Өнердің алтын діңгегі» атты көрме ұйымдастырылды.

Көрмеде сәнді-қолданбалы өнердің әр түрлі түрлері, сонымен қатар ұлттық киімдер коллекциялары ұсынылды.

Мысалға алатын болсақ, «Ханшайым», «Ақкербез» (1-сурет), «Томирис», «Көктем гүлі» (2-сурет). Сәнді - қолданбалы өнер бұйымдары: «Қазақ қыздары», «Қазақ хандығына 550 жыл», «Демалыс бұрышы», «Ертегі әлемі», «Көктем көңілі», «Нежность», «Айша Бибі», «Шебер қолы», «Бала бесік», «Халық өнер тамыры» (3-сурет).

Тұрғындар студенттердің сабақ барысында орындаған жұмыстарын қала күндерінде, атаулы көрмелерде көре алады.

Студенттердің ұдайы жұмыс жасауы үшін кафедрада барлық жұмыс жасалған:

Әдістемелік кабинетпен, тігін шеберханалары, ағаш өңдеу шеберханалары, дизайн кабинеттерімен жабдықталған. Сонымен қатар, мамандықтың студенттері дуалды оқыту бойынша «Аспара» колледжімен келісім шарт жасалған.



Сурет 2. "Көктем гүлі" коллекциясы



Сурет 3. Қала мерекесінде қойылған көрме

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. - Алматы: Жазушы, 1992. Захарова И.В., Ходжаева Р.Д.
2. Қазақстан сәндік өнері. – Алматы, 2002.
3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің этнографиялық коллекциясы (серия) Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі // иллюстрацияланған ғылыми каталог // Алматы: Өнер, 2009., 1-т. – 344 б. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі – Нұрсан Әлімбаев;
4. Назарбаев Н.Ә. ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағытары; Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2003. – 245 б.
5. Қазақ халқының ұлттық киімдері / Құрастырған Б. Хинаят., А. Сужикова. – Алматы, Алматыкітап, 2011. – 384 б.
6. Қазақ киімі. Алматы. Өнер, 1999ж. - 192 бет

МУЗЫКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Жантаева М.К.
– «Музыкалық білім»
кафедрасының аға
оқытушысы, ТарМПУ



Шырақбаев Ж.Т.
– «Музыкалық білім»
кафедрасының МО
14-1 тобының студенті,
ТарМПУ



Ақламас А.С.
– «Музыкалық білім»
кафедрасының МО 14-1
тобының студенттері,
ТарМПУ

Қазақстан Республикасының алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық мәселелердің аса күрделіліген қарамастан оның мемлекет ретінде қалыптасуы халықтың ұлттық менталитетіне, әсіресе жастар арасындағы тәрбиеге байланысты. Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені, озық өнегелі дәстүрлерді, адамгершілік асыл қасиеттерді жеткіншектер бойына қалыптастыруды оны ұтымды пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз. Сондай-ақ, ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің, халықтық педагогиканың тағдыры мен болашағы да мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты.

Қазіргі кезеңде білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Осыған орай, біз қадам басқан ХХІ ғасыр білім беру мен тәрбиелеудің жаңа ұлттық үлгісі қалыптасу кезеңінде, жан-жақты дамыған, білімді де білікті, саналы, өз ісіне әділ баға бере алатын, сенімді, Отанының әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына өзінің зор үлесін қоса алатын рухани мәдениеті бай, өз елінің салт-дәстүрін, атадан-балаға мирас болып қалған, ауыздан-ауызға тараған музыкалық өнерін, дінін, тілін қастерлеп, құрметпен қарайтын азамат тәрбиелеуді талап етіп отыр.

Бүгінгі таңда, жалпы орта білім беретін мектепте жас ұрпаққа көркемдік білім мен тәрбие беру жүйесінде көркем әдебиет, музыка өнері, бейнелеу өнері, ұлттық қолөнер сияқты эстетикалық мәндегі пәндер арқылы оның ішінде, халықтың дәстүрлі өнерін игерте отырып, оқушының бойында әсемдікті қабылдау, сезіну, өнер шығармаларын әсемдік заңдылықтарына сәйкес бағалай білу қабілеттерін қалыптастыру қажеттігі маңызды мәселенің біріне айналуға. Сонымен бірге, қазақ халқының көркемдік-рухани мәдениетін, өнердегі

салт-дәстүрін зерттеу мәселесі де ұрпақ тәрбиесі үшін ерекше маңызға ие болуда.

Өзінің эмоционалық әсері арқылы музыка адамзат тарихында қоғамдық-идеялық, мәдени-тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарады. Музыка адам сезімін, ойын, оның ерік-күшін дыбыстық формада суреттейтін қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Адамның жан дүниесін, көңіл-күйін, сезімін бейнелеуде музыка оның сөйлеу тіліне, дәлірек айтқанда, өзін қоршаған ортаға эмоционалық қатынасын білдіретін сөйлеу интонациясына өте жақын келеді. Соған қарамастан, музыка адамның басқа дыбыстық іс-әрекетінен ерекше саналады. Музыкада дыбыстардың биіктік және уақыттық (ырғақтық) қатынастары өте қатаң тәртіпке келтірілген. Музыкалық шығарма мазмұнында адамның ақыл-ой, ерік-күшінің эмоционалық жақтары кеңінен көрініс табады. Мұның өзі адамның психологиялық хал-жайын ғана емес, оның мінез-құлқын да музыкада ашуға жағдай тудырады. Адам эмоциясын нақтылы, ерекше сыршыл сезіммен бейнелеуде музыканың мүмкіндігі мол. Сондай-ақ музыка идеялар әлемін, әр алуан құбылыстарды және

болмыс шындығын суреттейді

Музыка өнері - әр ұлттың ертеден келе жатқан мәдени талғамының бір арнаға құйылып, асқақты күйімен әрбір-дамып отыратын көптеген ғасырлық үнінің жемісі. Музыка – жалпы өмірдің, бүкіл дүниенің, қимыл іс-әрекетін образды бейнелейтін, диалектикалық құбылыстарды адам сезіммен қабыстырып, өмір қайшылықтарын әсерлі дыбыстардың ұйқаса үндесу әуезді жиынтығы. Музыка - әлемде тіршілік ететін адамзаттың немесе адамдар игілігіне қызмет жасайтын бүкіл өмір мен оның құбылыстарының өзара қарым-қатынаста сырласа үндесуін сезімге жеткізіп отыратын құрал. Музыка өмірдегі динамикалық құбылыстардың айнадан көрінетін үнсіз келбет-кескіні ғана емес, оны сырттай суреттеп қана қоймайды, ол – таңғажайып сырлары бар әуездік үндесуімен ішкі сезім күйлеріне әсер беріп, тыңдаушысын белгілі нысанаға бейімдеп баурап алады. Былайша айтқанда, адам жан-күйін тәрбиелейтін, эстетикалық қабілетін дамытатын, сенсорлық мәдениетке баулитын, іске батыл жетелейтін эмоциялық құралдардың бірі.

Музыка сабағын жүргізу барысында оқушылардың білітілігін жетілдіру, музыканы игеру дағдысын қалыптастыру басты орында тұрғанның өзінде балаларға дәстүрлі өнер мұраларынан дәріс беру, эстетикалық талғамдарын жетілдіру мәселесі де естен шығарылмаса керек. Оқушыларды музыкалық өнер шығармаларымен таныстырып, олардың біліктілігін жетілдіріп, өнерсүйгіштікке, талғампаздыққа тәрбиелеу, музыкалық шығармаларға жеткілікті дәрежеде баға беру сапасын арттыру қарастырылады. Ол оқушылардың ұлттық мәдени мол қазынасы, рухани тәжірибені тануға, ұлтжандылық қасиеттерін, көркемдік талғамдарын қалыптастыруға және де оны дамыта түсуге мүмкіндігінше жағдай жасалуы қажет.

Музыка сабағы – балаларды тәрбиелеудің негізгі формасының бірі. Ол мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне қарай жасалған бағдарлама талаптарына негізделеді. Музыка сабағындағы маңызды мәселе әр түрлі музыкалық іс-әрекеттерді байланыстыра білу болып табылады. Мұндағы негізгі бағыттар мыналар:

музыка тыңдату, ән айтқызу, нота сауаты, музыкалық-ырғақты қимыл жасау, қарапайым музыкалық аспаптарда ойнауды үйрету. Сол арқылы олардың музыкалық қабілеттері жан-жақты дамиды.

Осы әрекеттерді байланыстыра отырып, жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, өмірді саналы да терең түсінуге, халқымыздың ғасырлар бойына қалыптасқан халықтық педагогикасымен қиюластыра отырып, ұмыт бола бастаған, ән-күйлерді, билерді, ұлттық ойындарды және саз аспаптарын танып, меңгере білуге, сонымен қатар буырлас, көршілес халықтардың мәдениеті мен өнерін түсіне білуге музыка тілі арқылы баулу мақсатында алдым. Сабақты шеберде, қызықты өткізіп, балалардың сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттырып, музыка сабағының басқа пәндермен ұқсастығы, байланысы және айырмашылығын түсіндіріп, ажырата білуге үйрету.

Оқушылардың шығармашылық қиялын, іс-әрекетін белсендіру мұғалімнің даярлығына, шығармашылық өсуіне, талғамын, теориялық даярлығына байланысты. Музыка мұғалімдері *ән салу, музыка сауаты, музыка тыңдау* іс-әрекеттерінің әрқайсысының логикалық

даму ерекшелігін жоймай, оларды негізгі тақырыпқа, тоқсандық, жылдық, барлық жылдық материалдарға бағындырулары керек.

Ән тыңдату, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар жасату арқылы әрбір оқушының ақыл-ойын, таным-түсінігін, өнерге көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі. Мысалы, ол жеке дыбыстарды айыра білуден бастап, ырғақтарды, тембрді, динамиканы саралап аңғаратын дәрежеге дейін жетеді.

Музыка сабағында музыкалық шығармаларды орындағанда немесе тыңдағанда, бала әсерленіп, тебіреніс, болжам, қиялдау қабілеттері дамып қалыптасады. Бұларды мұғалім өз жұмысына орынды пайдалана білгенде ғана еңбегі тиімді болып, жақсы нәтиже береді. Музыка талданып, белсенділік, шығармашылықпен қабылданады. Балалардың ән-би, марш әуендерін тыңдап, оның қайсысына жататынын айырып білуге дағдыланады.

Бірінші сынып оқушылары, бірінші сабақтан бастап-ақ мектептің өздерінен беретіндігін, әртүрлі құбылыстарды сезіммен қабылдап, олар туралы ойлау сияқты негізгі мәселелерді үйренеді. Музыканы оқып үйренгенде ірі шығармалардан үзінді тыңдайды. Жаңа бағдарламаның тақырыптық құрылымы сабақтың тұтастығын құрайтын элементтерінің бірлігін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сабақтың барлық материалдарының негізгі тақырыпқа бағындырылуы бір шығармадан кейін бір шығарманың көркем педагогикалық мәселелерді шешуіне жағдай жасайды. Алғашқы жылдағы музыкалық біліммен жинақталған музыка тыңдау тәжірибесі балаларға композиторлардың стильдерін айыруға негіз болып, өздері бұрын естімеген музыка авторын анықтауға мүмкіндік береді.

Балаларды музыка тыңдап, ол туралы ойлануға музыканың ең алғашқы сабақтарынан үйрену қажет. Балалар композиторы И.Нүсіпбаев ән жазғанда, балалардың қабілетіне, өз ерекшелігіне, ой-өрісіне қарай ықшамдаған. Оның жүргізілген музыка сабағы тиімділігімен ерекшеленген. Концерттік бағдарлама да балалар жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылған. Соның арқасында ол балаларға ән және музыка үйретуде жоғары нәтижеге жеткен.

Музыка әлемімен танысу, оны сезіну арқылы баланың эстетикалық талғамы дамиды. Бұл үрдістегі басты тұлға – музыка мұғалімі. Бәрі соның кәсіптік шеберлігіне, шығармашылық еңбегіне қатысты. Ол әр сыныптың өз ерекшелігіне қарай музыкалық шығармаларды іріктей білуі қажет.

Бағдарлама бойынша берілген өнер түрлерін бір сабақ барысында игерту музыка пәні мұғалімінен жан-жақты ізденісті, үлкен шеберліктен тыңғылықты әзірлікті қажет етеді. Сондықтан сабақтың әдіснамалық түйіні бағдарламаның логикалық құрылысына, ондағы музыкалық материалдардың енгізілуіне қарай педагогикалық амалдармен, әдіс-тәсілдермен шешіледі.

Яғни, бағдарламада балаларға халық музыкасын, оның ішінде күйді тыңдап, рухани мәдениеттің аса бір күрделі саласы екенін, олардың сипаты мен ерекшелігін, шығу тарихы мен мағынасын түсіндіру қажет. Күй арқылы ұлы оқиғалар, жорықтар, той-думан, елдің тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, табиғаты, суреттелетінін ұқтыру қажет. Олай болса, балалар өнерде жақсы мен жаман бар екенін,

өтірік пен шындықтың қатар жүретінін, бірақ әрқашанда шындық, нағыз халық үшін жазылған музыкалық шығарма ғана мәңгі өмір сүретінін білуі керек.

Музыкалық шығарманы тыңдағанда мынандай шарттар ескеріледі.

- Шығарманы дұрыс түсініп, мұқият тыңдай білу;
- Шығарманың эмоциялық әсерін, тарихын білу;
- Тыңдалған шығарманың әсерін қағазға (суретке) түсіре білу.

Музыкалық тәрбие беруді дұрыс ұйымдастыру нысаналы оқытуды талап етеді. Оның барысында педагог оқушының бастапқы дағдылар алуына көмектеседі. Оқушыларды жан-жақты және үйлесімді дамыту олардың жас ерекшеліктеріне қарай жүргізіледі. Мұндағы басты негізгі бағыттар мыналар:

а) *музыка тыңдауға, ән үйренуге ынталылық қалыптастыру.* Бұл міндет оқушының естіген шығармаларының мазмұнын тереңірек сезініп, түсінуіне көмектесетін есте сақтау қабілетін дамыту жолымен шешіледі:

ә) *музыкалық шығармаларды тыңдату* арқылы оның балаларға әсерін арттыру;

б) *балалардың музыка туралы ең қарапайым ұғымдарын қалыптастыру.* Бұған ән айту, музыкалық ырғаққа қимыл жасау, қарапайым музыка аспаптарында ойнауға үйрету жатады;

в) олардың эмоциялық әсерленгіштігін, сенсорлық қабілетін байқап отыру;

г) ән айтудың қарапайым түріне және қимыл-әдістеріне үйрету. Мұнда музыкалық шығармалардың табиғи және әсерлі орындауын қадағалау керек;

е) оқушылардың музыкалық талғамын қалыптасуына, оны тани білуіне көмектесу. Музыкалық шығармаларды түсіндіру, тыңдауға, сезінуде олардың шығармашылық белсенділігін арттыру. Балалардың өз бетінше ән айтып, би билеуге деген талпынысын қолдап отыру.

Ән салу эстетикалық тәрбие негізі бола отырып, басқа музыкалық сабақ түрлерін біріктіреді. Ән сабақтарында репертуардың маңызы зор. Оның әр түрде болғаны дұрыс. Бастауыш сыныптарды бірінші сабақта балабақшада айтылып жүрген жай әнмен бастауға болады. Кейінірек бірте-бірте әннің нақыштық, қалыптық, ырғақтық қатынаста күрделенуі қажет. Өлең тақырыптарында жыл мезгілдері, алғашқы қыр, қысқы ойындар, шырша т.б. пайдалануға болады. Аталған тақырыптар алған өлеңді дұрыс игеруге көмектеседі. Ән салғанда оқушыға қиындық келтіретін жерлерде мұғалім көмегі қажет. Сонымен қатар оқыту үрдісінде бұрын белгісіз әнді бұрын таныс емес нотамен оқушыларға өз бетінше орындатуға көңіл бөлу керек. Бұл жай өлеңсіз әнге жаттығу дағдысын игерудегі белсенді форма болып есептеледі. Себебі оқушының кез келген әнді өз бетінше орындауға күші жете бермейді. Сондықтан мұғалім күні бұрын нота тексін оқушылармен бірге талқылайды. Мұнда әндегі қозғалыс, жеке нақыш, ырғақ т.б. Ән сипатының ерекшеліктеріне көңіл аударады. Әнді нақышымен айта білу, музыка шығармасын саналы тыңдай білу, сыныптағы оқушылардың музыкалық қабілетін дамытып, ой-өрісін кеңейтеді. Ән сала білмейтін төменгі сынып оқушылары, арнайы даярлықтан кейін, іс жүзінде нәтижесін көрсетуде. Оқушыларды музыкаға тәрбиелеудің негізгі саласы – *вокальдық тәрбие.*

Балалардың демді ішке асықпай тартып, асықпай сыртқа шығарып, аздап дауыстарын күшейтуіне болады.

Ән салу, музыкалық шығармаларды түрлі аспаптарда орындау физиологиялық процесс болғандықтан, балалардың дене тәрбиесіне, денсаулығына жағымды ықпалын тигізеді. Осындай іс-әрекетпен жүйелі түрде шұғылдану өкпедегі оттегі алмасуын белсендіріп, дауыс аппаратының, дем алу органдарының шымыр да, икемді жетілуіне, жалпы денсаулығының жақсы болуын қамтамасыз етеді. Ән салу, музыка тыңдау адамның тонусын, яғни жүйке жүйесі мен бұлшық еттерінің физиологиялық жағдайдағы күш-қуатын арттырады. Отырып немесе түрегеп ән салу процесінде дене бітімін, басты, қолдарды дұрыс ұстауға дағдыландыру сияқты талаптардың қойылуы балалардың дене қозғалысы мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі. Музыкалық есту қабілеттерін дамытуға бағытталған жүйелі түрде жүргізілетін жаттығулардың да мәні зор. Ондай жаттығулар жасау барысында оқушылар тек дыбыстардың биіктігі мен ұзақтығын, тембрін, күшін бір мезгілде немесе бір ізгілікпен сабақтаса естілетін дыбыстар кешендерін ажырату қабілеттерін иеленеді. Сөйтіп, есту рецепторларының қызметі белсендіріледі.

Бастауыш сынып оқушылары ұяңдау болғандықтан балаларды топпен ән айтқызуға болады. Хор құрамында 50 ең көбі 70-80 мүмкіндігінше, қарай қатысушы болуы керек. Өйткені одан да көп болса, мұғалімнің әр оқушымен байланыс жасауы қиындай түседі. Хордың өткізілу уақыты жас ерекшелігіне сәйкес, бастауыш сыныпта 45 минут аптасына 2 рет. Жеткіншектермен 45 минут үзілісімен жүргізіледі. Мұғалім әрбір сабағын алдын ала жоспарлап, түрлендіріп, балаларды қызықтыратындай етіп өткізуі керек. Музыка пәнінің мұғалімі балалардың жас ерекшелігіне қарай музыка механизмін білуі шарт. Өйткені, бала даусы өте нәзік аспап секілді. Сондықтан ән айту кезінде бала дауысына ешқандай зақым келмейді.

Ән айту кезінде ең басты назар аударатын нәрсе, дұрыс тыныс ала білу. Оқушыларды дұрыс тыныс алудың негізгі үш ережесімен таныстырамыз:

Дем өте қысқа, әрі жылдам, жеңіл ғана алынады;

Тыныс ала салысымен әнді бір сәт тына қысып, демді айқындап, барлық бала бір мезетте бастауы керек.

Сонымен қатар хор ұжымы біртіндеп көпдауысты ән айтуға да дайындық жұмысты жүргізуі тиіс. Оларды ми-1; ми-2 дауысқа айтып үйрету. Бұл дағдыны әбден үйренген соң, оқушыларды 2 топқа бөліп орындату керек.

Балалардың төмен немесе жоғары дауыс ерекшеліктер 10-11 жас аралығында белгілі бір жүйеге түседі. Хор жетекшілерінің назарына тәжірибеде кең тараған кейбір жаттығуларды ұсынамыз. Ән айту жаттығулары негізінде мына төмендегі бағыттарды қолданылады:

а) жаттығулар жасап, дауысты ән, айтуға дайындау;

ә) дауыс шымылдығын қыздыру, шеберлікті тыңдап вокалды-хор техникасын тексеру;

б) оқушылардың назарын дайындық кезінде тиісті көптеген маңызды әрі түсінікті мәселелерге бағыттап, олардың ынтасын арттыру;

Төменгі сыныптың дауыс аумағы аса кең емес:

1-2 сынып 1-ші октаваның до-ми нотасы;

3-шы сынып 1-ші октаваның до нотамымен 2 -ші октаваның до нотасы аралығы;

4-шы сынып 1-ші октаваның до-нотасы мен 2-ші октаваның ре нотасы аралығында.

Сондықтан жаттығуларды да репертуарды балалардың дауыс мүмкіндіктерін ескере отырып, таңдаймыз. Олардың тамағына күш түсірмей, әнді дұрыс айтуға дағдыландыру қажет. Бұл бірінші октаваның до-си ноталар аралығы.

Екі дауысты жаттығуларды айтпас бұрын оқушылардың гармониялық есту қабілеттерін қалыптастыру қажет. Ол үшін сабақ сайын жаттығулар айтып, дағдылану жұмыстары жүргізіледі.

Бірнеше тәсілдер қолданылады:

Оқытушы екі дауысты кішігірім әуенді күйсандықта орындап шыққан соң, оған талдау жүргізеді, (*2-ші дауыс қай бағытта жылжиды*), (жоғары, төмен, бірқалыпты); ол қанша дыбыстан тұрады;

Сүйемелдеу музыкасында басты әуенді қайталамайтын шығармаларды айтқызу. Әншілер даусын ақырындата шығарып, сырнайдың сүйемелдеуін яғни жақсы естіп отырулары тиіс;

Таныс әндерге қосымша дауыс жаттықтыру. Яғни бір дауыс әнді аяғына дейін айтып шығуына, 2-ші дауыс ұзақ нотасын созып тұрады;

Таныс әуенді хорға - әр түрлі дыбыстардан бастап айтқызу. Оны меңгерген соң, хорды екі топқа бөліп, 1-ші дауыс әнді бастап кеткен соң, 2-ші дауыс дирижердың көрсетуі бойынша оны басқа дыбыстан бастап айтып, әнді 2 дауысқа айналдырады.

Балалар көмейі үлкендер көмейімен салыстарғанда 2-2,5 есе кіші болып келеді. Көмей 7 жас олардың дауыс бұлшық еттері толық дамымаған және сіңірлері ән айтқанда тегіс түйіспей, тек шеттерімен ғана түйіседі.

Сондықтан дауыс шеңбері аз, күші әлсіз болады. Кеуде, өкпе толық жетілмеген, дем алу көлемі аз, әрі тұрақсыз болады.

Кеуденің жоғары жағы көтере дем алынады. Кейде сөйлеу қабілеттері жеткілікті дамымай «р, л, с» дыбыстарын дұрыс айта алмайтындары болады. Бұл жағдайда, тіл, ерін еттерін дамытуда біраз жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар айтқызып жаттықтыруға болады.

Мысалы:

Ер қадірін ер білер, зер қадірін зергер білер.
Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығар,

Немесе жұмбақ:

Аяғы жоқ жүреді, сылқ-сылқ күледі.

Немесе жаңылтпаш:

Бұлақ ақты, тулап қатты,
Шулап қатты, бұлақ ақты.

Кейбір әндердің сөздерінің айтылуы мен жазылуы бір-біріне сәйкес келмей жатады. Мысалы, Ақан Серінің «Қараторғай» әніндегі «*Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің*» деген сөйлемді әнмен айтқанда «*Біргөскен кішкентайдан сәулем едің*» - деп өзгереді. Сол сияқты *сөздер жазса-жасса, ұшсын-ұшшын, қашса-қашша, жас шығанды-жас шағында* т.б. күйінде өзгереді.

Қашанда хор дикциясы тіл диалектикасымен тығыз байланысты. Оны дұрыс айту тілдің, яғни үндесу заңын сауатты білуді талап етеді. Әдеби тіліміздің орфоэпиялық заңдылықтармен байланысты ән текстерінде жиі кездесетін кейбір ерекшеліктер мен әнді орындаған кезде баты назар аударуды қажет ететін дикцияға

байланысты кей мәселелерде оқытушының есіне саламыз.

Олар мыналар:

Екі сөз аралығында қатар келген дауысты дыбыстардың алғашқысы айтылмай қалады.

Кейде сөздердің жазылуы мен айтылуы сәйкес келмейді, яғни нота саны мен буын саны дәл емес. Мұндай жағдайда әдеби тілімізде эконтеза, протеза деп аталатын фонетикалық зыңдылықтарды пайдаланамыз [26].

Жалпы ән, сөздерінің айтылу ерекшеліктері шығарманың мазмұнына, жылдамдығы, жаңғырығына байланысты болады.

Марш екпініндегі немесе патриоттық мазмұндағы салтанатты әндерде дауысты дыбыстар іріленіп, дауыссыздар нық айтылады.

Ән айту мен сөйлеу қабілеті тығыз байланысты болғандықтан осы жағдайларды үнемі ескерген жөн. Жалпы балалар даусын дамытуда халық ән-күйлерін кеңінен пайдаланған өте орынды. Және өнердің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізуде баланың ойлау, қабылдау қабілеттерін дамытып, дауыс мүшелерімен ми, жүйке жүйелерінің жетілуіне толық мүмкіндік туғызады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда халық әндері мен Құрманғазы, Тәттімбет күйлерінен үзінділер айтқызу, оқушылардың даусын дамытып қана қоймай, сонымен қатар ой-өрістерін байытып, есту, сезіну, қабілеттерін дамытады.

«... егер жас өспірім қандайда болса сазды орындаған болса онда ол сазды мәнерлей, нақышына келтіре, эмоциялық сезіммен орындалуын талап ету керек. Бұл үшін терең мазмұнды эмоциялық поэзияға толы халық музыкасын алуға болады», - деген атақты пианист Генрих Нейдауз. Дауыс еркін шығу үшін жүргізілетін жаттығулар мен үйренетін ән жеңіл ойнақы, мазмұны тартымды болса, балалар тез қабылдайды. Жас балалар үшін әннің деңгейін анықтап, еркін тыныстап тамағын қыспай, сөздерін анық айтып, айқайламауын талап ету керек. Ересек әншілерге еліктеп айқайлап айту дауысты бұзады, зақым келтіреді.

Музыка сабағындағы іс-әрекеттерді түрлендіріп, кезектігін ауыстырып отырған жөн.

Музыка тыңдауда:

- кіріспе сөзбен (қысқа да нұсқа, маңызының байлығы, балаларды қызықтыру, композитор туралы, шығу тарихы, кезеңі, шығармашылық тапсырмалар беру және де қандай да болсын диалогқа ынталандыруы қажет: өз пікірі қалыптасады, өзінің позициясы тұрақталады);
- ән орындау, үйрету, қайталау, еске салу т.с. (хор, ансамбль, жеке, әдебиет мәтінімен байланысы, жас ерекшелігі, репертуары, диапазоны т.с.);
- қарапайым аспаптарда орындау (бір топ аспап – шулы-соқпалы аспаптар, екінші топ – сыбызғылыр, блокфлейталар, ксилофондар, металлофондар, сырнай, домбыры т.с.);
- аудиотаспа, бейне таспаны қолдану (сонда да жанды орындау бірінші қатарда тұр);
- теориялық негіздері (биіктігі, ұзақтылығы, бояуы, екпін, ырғақ, музыкалық терминдер, жанрлар, аспаптар т.б.);

Оқушыларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беруде, олардың музыка тыңдап, ән айтып, музыкалық қабілетін

дамытуда нота сауаты үлкен орын атқарады. Бірінші сыныпта нота сауатын аз өткізетін болғандықтан ән үйрену үстінде біртіндеп нота сауатын жүргізу тиімді. Оқушыларға нота үйрету онымен пайдалану үлкен жауапкершілікті талап етеді. Нота сауатын оқушыларға үйретіп, сезіндіру көп уақытты керек етеді. Екінші, үшінші сыныптардан бастап нота сауатын біле бастаған музыкаға деген ықыласы артып, оны қызыға тыңдап, білмегенін білуге талаптана бастайды. Осы үрдісті дер кезінде сезген оқытушы оқушылардың нота сауатын бір бағытқа салып, педагогтік шеберлікпен нота сауатын әнді айтып, домбыраны тартып үйренумен тығыз байланыстыра жүргізгені дұрыс. Нотаның көмегімен үйренген кіші мелодия бөлшектері әрі әндер оқушының есіне оқтын-оқтын оралып мелодияны, әнді есте сақтау мен музыканы сезіну үрдісі тереңдей бергендігін дәлелдейді.

Нота сауатын үйренген мезгілді оқушылар нотаны өз бетімен айтып кете алмайды, олар тек оқытушының көмегімен ғана айтып үйренуі керек. Ал оқушылар күні бұрын жаттап алған әнді, мелодияны еске түсіріп айта немесе домбырамен ойнап бере алады. Бірақ та сол әннің сәл жоғарылығы болмауы мүмкін де, көбінесе дауысқа ыңғайлы музыкалы дыбыс жоғарылығынан бастала береді. Сабақ үстінде ән айтар алдында оқушыларды әннің дыбыстр биіктігіне құлақтарын үйрету әр уақытта оқытушының есінде болуы тиіс.

Музыка сабақтарында механикалық жазбаның маңызы зор. Нота сауатымен танысқан кезде, оқушының

өзі жазған әуенді, шығарманы, т.б. туындыларды тыңдап, саралап оған талдау жүргізуді білуі қажет. Әсіресе сыныпта хор, оркестр, опералық сцена қажет болғанда олар мұғалім орындауын алмастыра алғанмен оны толықтыру үшін керек. Музыкалық аспапта ойнаған, оған қосылып ән салған мұғалім музыка ойнай білудің маңызын шәкірттеріне іс-жүзінде көрсетеді. Мұғалімнің берген сабағы балаларды жалықтырмау керек, керісінше күлкі, әзіл, юмор араласқаны жөн.

Қорыта келе, тәрбие-бір ұрпақтың өмір сүру тәжірибесін екінші ұрпаққа жалғастырушы үрдіс. Осы үрдіс арқылы дмытады және адамның дамуына басшылық жасалады. Қазақ халқы бала тәрбиесіне өте үлкен жауапкершілікпен қараған. Тіпті жазу-сызу мәдениеті қалыптаспаған дәуірдің өзінде де ұшы-қиырсыз жазира бйтақ дала тұрғындары өздерінің тарихында жас буынға тәлім-тәрбие берудің бай тәжірибесән жинақтап, өзіндік ерекшеліктркімен бала тәрбиесіне өте үлкен ықпал жасайтынын айтуға болады.

Сондықтан, бүгінгі заман талабы - еліміздегі болып жатқан саяси экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени өзгерістерге байлансты жас өспірімдердің тәрбиесіне жаңа тұрғыда қарауды талап етіп отыр. Қазіргі кездегі тәрбиенің басты мақсаты ұлттық сана-сезімі оянған, мәдениетті, рухани ойлау дәрежесі биік, шығармашылықпен қызмет атқара алатын, қоршаған табиғи ортаға, әлеуметтік ортаға икемдеу, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мустафина С. Музыка тыңдау – баланың жан-жақты дамытудың негізгі әдісі.// Музыка әлемі №1 (99) 2009.
2. Жолтаева Г.Н. Мұғалімнің іс-әрекет ерекшеліктері. «Музыкалық білім: мәселелер, ізденістер, шешімдер» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Талдықорған, 2005.
3. Шаметова Г. Д. Мектеп оқушыларына музыкалық-эстетикалық тәрбие берудің кейбір проблемалары. Оқытудағы инновациялық технология – білім берудің жаңа сапасымен қамтамасыз етудің кепілі атты халықаралық – ғылыми практикалық конференция материалдары. - Ақтөбе, 12.12. 2013.

ИЗ ЛИЧНОГО ОПЫТА

ИЗ ОПЫТА ПОСТКУРСОВОЙ ПОДДЕРЖКИ. РЕФЛЕКСИВНЫЕ РАЗМЫШЛЕНИЯ ТРЕНЕРА



Фоленвейдер И.Г.

– тренер филиала
Центра педагогического
мастерства в г.
Петропавловск

Данная статья заинтересует тренеров, осуществляющих посткурсовую поддержку, лиц из числа педагогической общественности, стремящихся помочь учителям в развитии преподавания, станет полезной учителям, развивающим свою практику самостоятельно.

Являясь тренером Центра педагогического мастерства в г. Петропавловск, я осуществляю повышение квалификации учителей посредством преподавания по разным программам, в числе которых «Образовательная программа повышения квалификации учителей английского языка в контексте обновленной программы для средних общеобразовательных учреждений Республики Казахстан».

В числе моих обязанностей, помимо преподавания-оказание посткурсовой поддержки учителям, прошедшим обучение на курсах повышения квалификации. **Цель данного процесса** - оказание методической поддержки в период, когда учителя воплощают полученные на курсах знания в реальную практику и сталкиваются с проблемами, решение которых во многом зависит от поддержки тренера.

Именно в этот период происходит переоценка учителем полученных на курсах знаний. При успешном практическом применении, знания становятся достоянием учителя, в противном случае, учитель откладывает их применение на более отдаленный срок.

Традиционной формой моих занятий с учителями в момент оказания посткурсовой поддержки были тренинги, на которых я формировала новые знания и умения учителей, способствовала овладению опытом организации учебного процесса на основе инновационных подходов, поддерживала и поощряла инициативы педагогов в постановке и решении профессиональных задач.

Участие учителей в тренингах не предоставляло гарантий использования и закрепления новых знаний на практике, и я задалась вопросами: «Почему это происходит?», «Что еще я могу сделать для того, чтобы теоретические знания и практические навыки, приобретенные во время тренингов, стали частью практики учителей?», «Как выстроить поддержку учителю, чтобы она стала для него ценной и значимой?»

Я пришла к мысли о том, что в стремлении совершенствовать практику учителей и свою практику тренера, мне необходимо поменять подход к процессу оказания посткурсовой поддержки и приняла решение организовать самостоятельное исследование учителями вопросов преподавания, с последующим внесением изменений в практику на основе результатов теоретических исследований.

Предполагалось, что внесенные изменения окажут благотворительный эффект на результативность обучения учащихся.

Работу в этом направлении я запланировала в шесть этапов:

Этап 1: Определение учителями проблемы преподавания (вопроса исследования)

Этап 2: Реализация плана урока 1 (до внесения изменений)

Этап 3: Самостоятельное исследование учителями вопроса преподавания

Этап 4: Дискуссии на основе результатов исследования

Этап 5: Реализация плана урока 2 (внесение изменений в практику преподавания с целью ее улучшения)

Этап 6: Создание продукта совместной деятельности учителей

Реализацию данного плана я начала в момент посещения школы №10 города Петропавловск, при работе с методическим объединением учителей английского языка. Состав методического объединения был представлен как учителями-стажистами, так и учителями-стажерами. Часть учителей прошли курсы повышения квалификации в рамках обновления содержания среднего образования.

На первом этапе, при встрече с учителями, огласив цель посткурсовой поддержки, я организовала дискуссию учителей с ответом на вопросы: «Что мешает Вашей практике быть успешной?», «Что явилось последним изменением в Вашей практике?» «Какие проблемы в преподавании Вы испытываете в данный момент?», «Что Вы хотите изменить с целью улучшения преподавания?» и предложила составить перечень проблем, имеющихся их преподавания.

Далее, методом ранжирования, при совместном обсуждении, учителя выделили область преподавания, которая явилась наиболее проблемной в преподавании каждого из них. Общая проблема лежала в области коррекции устных и письменных ошибок учащихся. Большинство учителей заявило, что мало знакомы со способами и методами исправления ошибок и нуждаются в советах и рекомендациях по поводу организации и реализации процесса коррекции.

Я предложила сформулировать вопросы в данной области, и они получились следующими: «Насколько необходимо исправлять ошибки в устной и письменной речи учащихся?», «Как исправлять ошибки?», «В какой момент?» «Каковы последствия этого?», «Какие способы исправления ошибок являются наиболее эффективными?»

Преследуя цель - настроить учителей на дальнейшую самостоятельную работу по исследованию вопросов преподавания - я задала следующие вопросы: «Как Вы можете получить ответы на данные вопросы?» и «Кто и что Вам может в этом помочь?»

Учителя заявили, что ждут советов и рекомендаций тренера. Но, вопреки их ожиданиям, я предложила им самостоятельно изучить данный вопрос посредством обращения к образовательным сайтам интернета, UTUBE, научным статьям в журналах, коллегам, экспертам в данном вопросе, при последующих дискуссиях на заданную тему. Было решено, что форма предоставления результатов исследования может быть разной - Постер, Карта ума, Презентация Power Point, Памятка...

Мы пришли к мнению о том, что с целью мониторинга результатов внесения изменений в практику и ответа на вопрос «Как Вы узнаете, что улучшение произошло/ не произошло?», необходимо провести серию уроков при наблюдении коллегой и тренером: первый - до начала самостоятельного исследования вопроса, второй - после участия в дискуссиях на основе результатов исследования.

На третьем этапе, после проведения первого урока, учителя приступили к теоретическому исследованию вопроса преподавания. В качестве поддержки, я предоставила им рекомендации о том, как обрабатывать и вести записи при работе с информацией (Таблица 1) и в каком виде наиболее выгодно представить результаты исследования.

Таблица 1. Рекомендации по созданию записей в момент работы с информацией

№	Notes/Заметки
1	Don't copy every single word you read Не копируйте каждое прочитанное слово
2	Link your Notes to Your Research question Соотносите сделанные Вами записи с вопросом исследования
3	Use Technology to Your Advantage Используйте ИКТ технологии при создании записей
4	Include Visuals such as Mind Maps, Graphic organizer Делайте записи при помощи карт ума и графических органайзеров
5	Don't Write Notes Mindless Делайте записи осмысленно
6	Easily edited and rearrange your notes Делайте записи с легкостью и умейте их группировать
7	Useful symbols and abbreviations Используйте символы и аббревиатуру
8	Use highlighting or different font colors to distinguish your ideas from any text you cut and paste into notes Выделяйте важную информацию, используйте разные цвета для пометок идей в тексте, на основе которых будут созданы записи
9	Write down what you understand in your own words То, что Вы поняли, записывайте своими словами
10	Make sure you know how to reference correctly Будьте уверены, что сноски оформлены правильно

Адаптировано: <https://www.goconqr.com/en/examtime/blog/note-making-tips-from-experts/>
<http://www.sussex.ac.uk/skillshub/?id=303>

Необходимым условием явилось обращение к не менее пяти источникам и представление в момент дискуссий не только теоретического, но и имеющего практическое значение, материала. Реализация третьего этапа заняла несколько дней.

Четвертый этап - «Обмен результатами исследования» начался с работы учителей в парах сменного состава. Меня собеседника по сигналу тренера, каждый из учителей анализировал исследуемую проблему с

позиции представленных на карточках вопросов, среди которых: «Что Вам известно/неизвестно относительно изучаемой проблемы?», «О каких различных аспектах исследуемой проблемы мы можем размышлять?», «Каковы причины возникновения данной проблемы?», «На какие части можно разделить исследуемую проблему?»

Ниже представлен образец карточки с вопросами для анализа проблемы. (Таблица 2)

Таблица 2. Анализ темы

Задайте следующие вопросы, чтобы сузить широкую тему и сделать ее более конкретной, целенаправленной. Замените слово «это» названием темы.

1. Как бы вы описали **это**?
2. Каковы причины **этого**?
3. Каковы последствия **этого**?
4. Что важно в **этом**?
5. Каковы меньшие части, которые **это** составляют?
6. Какие **это** вызывает изменения? Почему эти изменения важны?
7. Что об **этом** известно и неизвестно?
8. К какой категории идей или объектов принадлежит **это**?
9. **Это** хорошее или плохое? Почему?
10. Какие предложения или рекомендации вы бы сделали по поводу **этого**?
11. О каких различных аспектах **этого** мы можем размышлять?

Далее, в порядке очередности, за 10 отведенных каждому минут, учителя представили членам методического объединения результаты своих теоретических исследований, что позволило значительно расширить знание и понимание исследуемого вопроса. Были выдвинуты не только теоретические обоснования внесения изменений в практику преподавания, но и предложены способы их внедрения.

Так, находками учителей стали, например, коды коррекции письменных ошибок учащихся, образцы коррекции ошибок учителями и задания, подразумевающие развитие навыков учащихся по исправлению лексических и грамматических ошибок. (Таблицы 3-5)

Таблица 3. Образец кода коррекции письменных ошибок учащихся

Symbol	Meaning	Example
//	Placed at the end of a sentence. This symbol indicates that you should start a new paragraph here.	Only a small minority of the population could claim this to be true of philosophical tracts. // Although McGinn sees literature...
SP	Written above a word, these letters indicate that there is a problem with the spelling of the word.	... phil ^{sp} osophical
^	Word missing	Only small minority of the population could claim this to be of philosophical tracts. ^
^	2 words missing	Only a small minority ² population ... ^
↕	Change order of letters.	... col ¹ ud ... fo ² rm ... a ³ dn
↪	Move word	Only a minority small of the population... ↪

○	Punctuation Missing	My uncle who is a fireman taught me how to do CPR.
???	Totally unclear - rewrite	(to be go to the shop went out) ???????
WW	You have used the wrong word. Change it.	The sun falls at night and rises again in the morning. ^{ww}
WF	You have used the correct word but the wrong form of that word.	He bought his girlfriend an engage ring. ^{wf}
Adj	adjective order error, misplaced adjective or adjective missing	She wore a white long dress to the wedding. ^{Adj}
Prep	Preposition error	The teacher asked us to look to the board. ^{prep}
SS	Sentence Structure Error	At night to water your plants instead of in the morning the best gardeners would advise you. ^{SS}

Адаптировано: https://go.mail.ru/search_images?fr=amigo&sbmt=1517938397629&gp=lp5maintizamigoie&q=error+correctioncode

Таблица 4. Образцы исправления письменных ошибок учащихся

10 apostrophe errors you shouldn't commit again

- 1 You're probably already aware that apostrophes are used in contractions (i.e., shortened form of words in which one or more letters have been omitted).
You're
- 2 They're used in the place where letters have been omitted. (You're is a contraction of you are. You're has an apostrophe between u and r for the omitted letter a.)
They're
- 3 It's a very basic rule of grammar.
It's
- 4 You studied that in school, didn't you?
didn't
- 5 It isn't that difficult to remember, is it?
isn't
- 6 Then why don't you get it right?
don't
- 7 What's the matter with you?
What's
- 8 We haven't got all day to do this.
haven't
- 9 Let's look at the rule one more time: apostrophes are used in contractions to indicate that one or more letters have been omitted.
Let's
- 10 That's all you need to remember.
That's

www.grammarics.com

ERROR CORRECTION GRAMMAR YEAR 5

- 1- She ^{'s} ~~ve~~ got brown hair and blue eyes.
- 2- I'm ^{wearing} ~~wear~~ a blue t-shirt and brown trousers.
- 3- I ^{don't} ~~doesn't~~ like broccoli.
- 4- She ^{doesn't} ~~don't~~ like salad.
- 5- She ^{likes} ~~like~~ pizza.
- 6- ^{are} ~~There's~~ two swimming pools in the town.
- 7- There aren't ^{any} ~~skate~~ parks in the town.
- 8- I ^{'m} ~~playing~~ football now.
- 9- She isn't ^{reading} ~~read~~ a book.
- 10- He ^{was} ~~were~~ at home yesterday.
- 11- I ^{walked} ~~walk~~ home last evening.
- 12- A hippo is ^{bigger} ~~big~~ than a panda.
- 13- A spider is slower ^{than} ~~that~~ a rhino.
- 14- A cheeta ^{is} ~~are~~ faster than a kangaroo.

Адаптировано: https://www.google.kz/search?tbm=isch&q=error+correction+worksheets&chips=q:error+correction+worksheets,g_4:grammar&sa=X&ved=0OahUKEwjAirDlvZPZAhWNhaYKHRr-C-UQ4IYILCgA&biw=1920&bih=974&dpr=1#imgdii=ua4gbVZiTmqAyM:&imgcr=Hwzilf9_svizfM

Таблица 5. Образцы заданий на развитие навыков учащихся исправлять лексические и грамматические ошибки

NAME: _____ DATE: _____

GRAMMAR ERROR CORRECTION

THERE IS and THERE ARE

Positives, Negatives and Questions

- Find and correct the mistakes below.
- Put a check next to the 7 sentences that are correct.

1. Is there ~~is~~ a garden in your yard?
2. There are some pens on the desks. ✓
3. How many sisters do you have?
4. Are there a car in the garage?
5. I have some friends in Australia.
6. There aren't have any customers in the store.
7. Why aren't there any dishes on the table?
8. Do there a restaurant in the hotel?
9. I think there is some people waiting outside to see you.
10. Is there always so many people at the zoo?
11. There is a bear at the zoo, but there aren't any elephants.
12. Sam has a few hours to finish his work.
13. Is there schools near your home?
14. How many countries is there in South America?
15. Are there have a phone that I can use?
16. I have brown hair and green eyes.



Name: _____

CORRECT THE SPELLING

Below are words that have been misspelled. Write the correct spelling of the word in the blank.

1. something _____	11. believe _____
2. around _____	12. luff _____
3. begining _____	15. excellert _____
4. everybody _____	14. describe _____
5. possible _____	15. probably _____
6. scool _____	16. fevazit _____
7. tobble _____	17. always _____
8. urzil _____	18. pe opel _____
9. exrept _____	19. bogje _____
10. albo _____	20. nairgibor _____

Copyright © 2015 K12book.com. All Rights Reserved. For educational use only. A K12book.com product.

Адаптировано: https://www.google.kz/search?tbm=isch&q=error+correction+worksheets&chips=q:error+correction+worksheets,g_4:grammar&sa=X&ved=0OahUKEwjAirDlvZPZAhWNhaYKHRr-C-UQ4IYILCgA&biw=1920&bih=974&dpr=1#imgdii=ua4gbVZiTmqAyM:&imgcr=Hwzilf9_svizfM

На данном этапе каждый из учителей определил тип и способ внесения изменения в собственную практику с целью определения его эффективности в процессе обучения.

Последующие уроки в рамках исследования практики проходили в присутствии тренера и рефлексивного агента-коллеги, наблюдавших урок с фокусом на результате внесения изменений.

Проведенные уроки на основе предварительных теоретических исследований сделали успешным пятый этап посткурсовой поддержки, когда учителя обсуждали результаты внедрения изменений. Представленный опыт отличался разнообразием, так как изначально учителями были выбраны разные аспекты проблемы для проведения теоретического исследования.

Рефлексивные высказывания учителей, приведенные доказательства обучения учеников на основе нововведений подчеркивали индивидуальность каждого учителя, демонстрировали высокий уровень заинтересованности педагогов в совершенствовании собственной практики.

Так, учитель А., в момент презентации своего опыта, рассказала о том, что нововведением ее урока был трижды использованный способ коррекции устных ошибок: Reformulating. Recasting /Изменение формата высказывания. Переформулировка

Примечание:

- Reformulating/Изменение формата высказывания. Одобрив высказывание, учитель изменяет его формат и возвращает ученику в улучшенном варианте.
- Recasting/Переформулировка. Учитель корректирует речевую неточность в речи учащегося, проговаривает высказывание правильно, но не акцентирует внимание ученика на этой неточности.

Представленный ниже план урока демонстрирует фрагменты включения учителем А. нововведений в процесс преподавания. (Приложение 1)

В своей рефлексии учитель уточнила, что прием был использован трижды при организации разных заданий на разных этапах урока:


- первый раз, во время хорового произнесения учащимися новых слов;
- второй раз, во время индивидуального произнесения учащимися фраз "I like", "I don't like";
- третий раз, во время индивидуального прочтения текста вслух, после предварительного прослушивания

Возвращение ученикам высказываний, грамматически и лексически правильных, оказалось, по мнению учителя, крайне полезным, и, при последующем использовании подобных высказываний на уроке, ученики ошибок не допускали.

Выражая удовлетворение результатами обучения учеников, учитель предоставила комментарии по поводу процесса исследования, отметив, что процесс оказался творческим, захватывающим и, что особенно важно, результативным. Учителю удалось самостоятельно найти удобный и эффективный для его практики способ коррекции устных и письменных ошибок.

